



ЖАҢА САЯСИ МАУСЫМ: ҚАЙ ПАРТИЯ БЕЛСЕНДІ?

3



АЛМАТЫ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ТОЛЫҚ ДАЙЫН

5



АСЫЛЫМЫЗ, АЛТЫН ҚАЗЫНАМЫЗ...

6


Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №116 (6409) 30 қыркүйек, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

КӨШБАСШЫЛАР ДИАЛОГЫ

қазақ-герман байланыстарын одан әрі кешенді түрде нығайтуға
өзара мүдделі екенін растады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Германия Федеративтік Республикасына ресми сапармен барды

Қазақстан Президенті ресми сапарының алғашқы күні Германия Канцлері Олаф Шольцпен бетпе-бет форматында және кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізді. Тараптар жоғары деңгейде өткен келіссөздерден кейін бұқаралық ақпарат құралдары үшін брифинг өткізіп, бірлескен мәлімдеме жасады. Сондай-ақ, Қазақстан Президенті бірінші Berlin Global Dialogue форумына қатысып, сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы Германияға ресми сапарының екінші күні Федералдық Президент Франк-Вальтер Штайнмайермен кездесті. Сондай-ақ, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Германия Президентімен кездесуіне, орталықазиялық әріптестерімен бірге Германия экономикасы Шығыс комитетінің (ГЭШК) «дөңгелек үстеліне» қатысты. Келіссөздер барысында тараптар екіжақты қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп, қазақ-герман байланыстарын одан әрі кешенді түрде нығайтуға өзара мүдделі екенін растады. Әңгіме өзара сенім, ортақ мүдде, жаңа мүмкіндіктер аясында өрбиді.

2

МЕДЕУ АУДАНЫН ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев тұрғындармен кездесті

Алматының Медеу ауданының құрылғанына да тоқсан жылға жуықтап қалыпты. Демек, шаһармен бірге жасасып келе жатқан ежелгі аудандардың бірі деуге болады. Ауданының аумағы қала көлемінің 37%-ын алып жатыр.

Мегаполистің элиталы ірі әкімшілік, өнеркәсіпті және мәдени орталығы болып саналатын Медеу ауданында ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктер аз емес. Қала басшысы аудан тұрғындарымен кездесуде ауданның тыныс-тіршілігіне аз-кем тоқталып өтті, жақсы істермен бөлісті.

БЕРЕРІ КӨП БАҒДАРЛАМА

Медеу ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жалпы сомасы 1,6 млрд теңгеге 44 жоба қолға алынған. 1-кезеңде – 30 жоба (791 млн

теңге), 2-кезеңде – 14 жоба (875 млн теңге). «Бүгінгі күні 21 жоба бойынша жұмыстар аяқталды. Қалған 23 жоба (13-і – ауланы жайластыру, 10-ы – қоғамдық кеңістікті абаттандыру) биылғы қазан айының соңына дейін аяқталады», – деді

Ерболат Досаев тұрғындармен жүздесуде. Алматыда берері көп «Халық қатысатын бюджет» жобасына қатысуға өтінімдерді қабылдау аяқталды. Тұрғындар қаланы дамыту және жақсарту бойынша 5449 ұсыныс жолдаған.

4



Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

30.09.2023

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

1.10.2023

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+19+21 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ӨЗАРА СЕНІМ МЕН ОРТАҚ МҮДДЕ:
ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

(Басы 1-бетте).

Зор әлеует, басым бағыттар

Екі ел басшылары ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын айқындап, сауда-экономика, инвестиция, көлік-логистика, «жасыл энергетика» және басқа да салалардағы ықпалдастықты жандандыруға уағдаласты. Президент пен Канцлер өңірлік және халықаралық өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты, сондай-ақ жоғары деңгейде өтетін «Орталық Азия – Германия» кездесуінің күн тәртібін талқылады.

Германияның Федералдық канцлерімен кеңейтілген құрамдағы келіссөзде жүргізді Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің Еуропа Одағындағы негізгі серіктесі – Германиямен арадағы ынтымақтастықты дамытуға Қазақстан айрықша мән беретініне назар аударды.

Мемлекет басшысы сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі нығайтудың әлеуеті зор және отандық нарыққа Германия бизнесінің барынша көбірек келуі үшін Қазақстан барлық қажетті жағдайды жасауға дайын екенін атап өтті. Мұнай-газ химиясы, сирек кездесетін металлургия өнеркәсібі, «жасыл» энергетика, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы салалары басым бағыттар ретінде анықталды. Көлік-транзит саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударылды.

Заң үстемдігі – инвесторларды
қолдаудың басты шарты

Президент Германия тарапын Транскаспий бағытының әлеуетін пайдалануға, сондай-ақ Каспийдегі Ақтау және Құрық порттарының инфрақұрылымын дамыту ісіне қатысуға шақырды. Сонымен қатар, неміс тарапын жаңартылатын энергия көздерін, соның ішінде «жасыл» сутегін дамыту үшін анағұрлым тығыз қарым-қатынас орнатуға үндеді. Неміс әріптестерінің назарын Қазақстан азаматтарына қатысты виза режимін жеңілдету мүмкіндіктеріне аударды.

Өз кезегінде Федералдық канцлер Олаф Шольц Германия тарапының Қазақстанмен жан-жақты ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі екенін растады. Канцлер Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларды толық қолдайтынын әрі оған оң баға беретінін жеткізді. Канцлердің пікірінше, заң үстемдігін қамтамасыз ету – елді орнықты дамытудың және шетелдік инвесторларды қолдаудың ең басты шарты. Германия тарапы Қазақстанмен арадағы сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды нығайтуға дайын екенін нақтылады. Атап айтқанда, мұнай жеткізу көлемін ұлғайтуға, жеткізу тізбегін әртараптандыруға және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қызығушылық танытты. Сондай-ақ, «Жасыл» энергетиканы пайдалану және климат мәселесін бірлесіп ілгерілету бағытында қарқынды қарым-қатынасты жолға қою қажет екеніне назар аударды. Екі елдің шағын және орта бизнес өкілдері үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында бірлескен жұмысты жандандыруға баса мән берілді.

Жаңа инвестициялық жобалар:
экономикалық әлеует бар

Қазақстан Президенті мен Германияның Федералдық канцлері жоғары деңгейде өткен келіссөздерден кейін бұқаралық ақпарат құралдары үшін брифинг өткізіп, бірлескен мәлімдеме жасады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізілген келіссөздер қазақ-герман қатынастарын одан әрі нығайтуға екі тараптың ниетті екенін тағы да растағанын атап өтті.

– Қазіргі жағдайда Қазақстан мен Германия екі елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін жаңа инвестициялық жобаларды жүзеге асыру ісіне барынша прагматикалық тұрғыдан қарауы керек. Ол үшін біздің саяси ерік-жігеріміз бен орасан зор экономикалық әлеуетіміз бар. Келіссөздер барысында сауда-экономикалық ынтымақтастықтың перспективаларына баса мән берілді. Біз екіжақты сауда-саттықтың қарқынды дамып келе жатқанын атап өттік. Экспорттық және импорттық тауарлар номенклатурасын одан әрі кеңейту үшін пәрменді шаралар қабылдауға уағдаластық, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мұнай-газ химиясы, металлургия, көлік және логистика секілді перспективті салаларда бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері жан-жақты қарастырылғанын айтып, Қазақстанның жетекші еуропалық компаниялармен қол жеткізген уағдаластықтарын жоғары бағалады. Энергетика саласындағы кооперацияны дамытуды басты басымдықтардың бірі ретінде атады.

– Бүгінгі кездесу қарсаңында Siemens, Deutsche Bahn, Siemens Energy, Linde және тағы да басқа негізгі серіктестермен маңызды коммерциялық келісімдерге қол қойылуын құптаймын. Бұл құжаттар мемлекеттеріміз арасындағы экономикалық байланыстарды одан әрі нығайтуға тың серпін береді.

Өздеріңізге мәлім, Қазақстан жыл басынан бері Германияға «Достық» мұнай құбыры арқылы 500 мың тонна мұнай жөнелтті. Мұның бәрі өзара келісімнің нәтижесінде жүзеге асты. Германиялық достарымыздың өтініші бойынша жеткізілетін мұнай көлемін ұлғайтуға, оның ұзақмерзімді болуын қамтамасыз етуге еліміздің дайын екенін растадық, – деді Мемлекет басшысы.

Президент өз сөзінде екі елдің өзара ықпалдастығын кеңейтетін жаңа мүмкіндіктерге де тоқталды.

– Қазақстан мен Германияның бәсекелестіктегі артықшылықтарын «шикізат, өнеркәсіп және технология» формуласына сай үйлестіру екі тарап үшін синергетикалық тұрғыда айтарлықтай тиімді болмақ. Мен Канцлерге Шикізатты игеру жөніндегі бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін консорциум құруды ұсындым. Біз жаңартылатын энергия көздеріне, әсіресе, «жасыл» сутегіне қатысты немістің озық технологиялары мен ғылыми жетістіктерін трансферт жасауға мүдделіміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Транскаспий көлік бағдарының транзиттік қуатын арттыру, сондай-ақ оны Трансевропалық көлік желісімен (TEN-T) және Global Gateway бастамасымен ұштастыру үшін бірлесе жұмыс істеуге дайын екенін мәлімдеді. Агроөнеркәсіп секторындағы, сондай-ақ қаржы, инновация, цифрландыру салаларындағы ынтымақтастықты нығайту үшін мол



мүмкіндік барын қадап айтты. Неміс қаржы институттарын барынша тығыз ықпалдастық орнатуға шақырды.

Келіссөздер барысында мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастыққа да айрықша мән берілді. Мемлекет басшысы жаңа қазақ-неміс білім беру мекемелерінің құрылуын, атап айтқанда, биыл маусым айында Ақтау қаласында Қазақстан-Германия орнықты инженерия институтының ашылуын құптайтынын жеткізді.

Федералдық канцлер Олаф Шольц өз сөзінде Қазақстан Германияның Орталық Азиядағы жетекші сауда-экономикалық серіктесі екенін атап өтті. Сондай-ақ, энергетика, орнықты даму, цифрландыру және климаттың өзгеруіне қарсы күрес салаларындағы ынтымақтастықты кеңейтудің маңызды екенін айтты. Германия мен Еуропа Одағы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан реформаларды толық қолдайтынын мәлімдеді.

Парасатты дипломатия кезеңі

Қазақстан мен Германия басшылары бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сұрақтарына жауап берді. Мемлекет басшысына Қазақстанның Ресеймен қарым-қатынасы жөнінде, Украина төңірегіндегі қақтығыстарға қатысты сұрақтар қойылды.

– Шын мәнінде, Қазақстан мен Ресейдің арасын әлемдегі ең ұзын құрлықтық шекара бөліп жатыр. Елдеріміз арасында сауда, гуманитарлық байланыстар бойынша дәстүрлі ынтымақтастық орнаған. 2013 жылы екі ел Одақтастық қарым-қатынас туралы шартқа қол қойды. Украинадағы қақтығысқа келер болсақ, Қазақстан әскери іс-қимылдардың тез арада тоқтатылуын және БҰҰ Жарғысы негізінде бейбіт келіссөз жүргізілуін жақтайды. Мен бүгін құрметті Канцлер мырзаға жағдайдың шын мәнінде өте күрделі екенін айттым. Ресей де, Украина да келіссөз жүргізуге дайын екенін растайды. Алайда, келіссөздің қандай алаңда жүргізілетіні әзірше белгісіз. Сондықтан парасатты, салмақты, салмақты дипломатияның кезеңі туады деп ойлаймын. Олар бірін-бірі айыптауды доғарып, екі жаққа да тиімді келіссөздің жолын табуы керек. Қазақстан Украина қақтығысын шешудің қандай да бір жолдарын ұсынып жатқан өзге елдер мен мемлекеттер тобының күш-жігерін қолдайды. Біз өз тарапымыздан барлық қажетті шараны қабылдаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Berlin Global Dialogue форумы

Қасым-Жомарт Тоқаев бірінші Berlin Global Dialogue форумында сөз сөйледі. «Көшбасшылар диалогы» сессиясында аталған форумның дер кезінде ұйымдастырылып отырғанын атап өтіп, Қазақстанның жаһандық экономикалық процестердегі рөлі туралы өз көзқарасын айтты. Президенттің пікірінше, жаһандық экономикалық өзекті проблемаларды шешуге ықпал ететін жаңа әмбебап құндылықтар қажет. Әйтпесе, адамзат дүниежүзілік сауданың бұрын-соңды болмаған бөлшектенуіне тап болады. Бұл әлемдік ЖІӨ-нің 7 пайызға құлдырауына әкеп соқтыруы мүмкін. Ол сөзінің басым бөлігін еліміздің халықаралық экономикалық байланыстарды тұрақтандыру ісіндегі рөліне арнады.

– Еуразиядағы екінші ірі мұнай қорына ие Қазақстан әлемдік нарықтарға энергетикалық ресурстардың ірі жеткізушісі саналады. Біздің мұнай экспортының 70 пайызы Еуропа Одағына шығарылатынын ескере отырып, экспорттық әлеуетімізді кеңейтуге және жаһандық энергетикалық дағдарысты жеңілдетуге үлес қосуға дайынбыз, – деген Мемлекет басшысы форум қатысушыларына ұлттық экономиканы дамытудың перспективалары туралы мәлімет берді. Қазақстанмен экономикалық серіктестік орнатуға жол ашатын перспективаларды тұжырымдады.

Қазақстанның аймақта бірінші болып Париж келісімін ратификациялағанын және 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын қабылдағанын айтты. Бұл салада да ірі халықаралық жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев Berlin Global Dialogue форумы аясында Шри-Ланка Президенті Ранил Викрамасингхеммен, HMS Bergbau AG компаниясының басқарма төрағасы Деннис Швиндпен, NHLA компаниясының басқарма төрағасы Ангела Титпратпен, STADA Group компаниясының вице-президенті Кристоф Галлисцен, Euler Hermes агенттігінің басқарма мүшесі Эдна Шёнемен, Mercedes-Benz Group компаниясының басқарма төрағасы Ола Калленюспен, Linde GmbH компаниясының Таяу Шығыс, Еуропа және Африка бойынша аға вице-президенті Оливер

Пфаннмен кездесті. Қазақстан мен Германияның іскер топтарының дөңгелек үстеліне қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Германияның табандылық, нақтылық және жауапкершілік қағидаттарына негізделген бизнес жүргізу тәсілін жоғары бағалады. Сондай-ақ, «Қазақстанда неміс сапасына сай жасалған» формула бойынша өнім шығаратын өндіріс орындарын ашуға мүдделі екенін айтты. Ынтымақтастықтың тағы бір басым бағыты IT технология саласы бола алады. Мемлекет басшысы Қазақстанның цифрлық трансформация бағытындағы бастамалары әлемдік деңгейде мойындалғанын атап өтті. БҰҰ біздің электронды үкімет жүйесін ТОП-30 тізіміне енгізген. Президент адами капиталды дамыту және инвестиция тарту мәселесін ынтымақтастықтың өзекті бағыттардың бірі ретінде атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Германия бизнесмендерін Қазақстан экономикасын әртараптандыруға, жаңа өндіріс орындарын ашуға және озық неміс технологияларын енгізуге бағытталған жобаларды жүзеге асыруға белсенді қатысуға шақырды.

«C5 + Германия» диалогы

Ынтымақтастыққа тың серпін береді

Мемлекет басшысы Германияға ресми сапарының екінші күні Федералдық Президент Франк-Вальтер Штайнмайермен кездесті. Сондай-ақ, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Германия Президентімен кездесуіне қатысты.

Франк-Вальтер Штайнмайермен жүздесуде тараптар Германия Президентінің таяуда Қазақстанға жасаған сапары аясында қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылу барысын қарастырды. Атап айтқанда, энергетика, транзит, логистика, пайдалы қазбаларды игеру, жаңартылатын энергия көздері, ауыл шаруашылығы және цифрландыру секілді ынтымақтастықтың басым бағыттарына қатысты бірлескен жұмыстарды талқылады. Мәдени-гуманитарлық байланыстарды, сондай-ақ екі елдің ғылыми және білім беру ұйымдары арасындағы қатынастарды нығайту мәселесіне баса мән берілді. Тараптар Қазақстан мен Германияның көпжақты ынтымақтастығын одан әрі нығайту үшін бірлескен іс-қимылдарды арттыра түсуге уағдаласты.

Ал Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Германия Президентімен кездесуінде Мемлекет басшысы «C5 + Германия» диалогы туралы бастама елдер арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беретінін атап өтті. Аймақ мемлекеттері көшбасшыларының бірлескен күш-жігерін жұмылдыруға болатын ықпалдастықтың басым бағыттарын ұсынды.

Президент, ең алдымен, сауда-экономикалық қарым-қатынас, жаңа көлік-транзит дәліздерін дамыту, энергетика саласындағы кооперация мәселелеріне назар аударды. Кездесуде климаттың өзгеруіне және су тапшылығы проблемасына баса мән берілді. Жиынға қатысушылар мұздықтардың еруіне және Орталық Азиядағы экологиялық ахуалдың өзгеруіне байланысты мәселелерді талқылады. Қазақстан Президентінің пікірінше, Германияның аталған проблемаларды шешудегі тәжірибесі аймақ үшін аса маңызды. Мемлекеттер басшылары Орталық Азия өңірі мен Еуропа Одағы төңірегіндегі геосаяси жағдайға қатысты мәселелерді де қозғады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: www.akorda.kz; ortcom.kz).

- Германия – Қазақстан экономикасына қаржы құйған жетекші инвесторлардың және ең ірі сауда серіктестерінің бірі.
- Орталық Азия өңірімен Германияның сауда-саттығының шамамен 83 пайызы Қазақстанның үлесіне тиесілі.
- 2022 жылдың қорытындысы бойынша екіжақты тауар айналымы 25 пайызға өсіп, 2,8 миллиард долларды құрады.
- Қасым-Жомарт Тоқаев Шикізатты бірлесе игеру жобаларын іске асыру жөніндегі консорциум құруды ұсынды.
- Қазақстан жыл басынан бері Германияға «Достық» мұнай құбыры арқылы 500 мың тонна мұнай жөнелтті.
- Германия бизнесі Қазақстанға 6 миллиард долларға жуық инвестиция салған. Бұл инвестицияның 90 пайызға жуығы шикізаттық емес секторға тиесілі. Жалпы, елімізде Германия капиталының үлесі бар мыңнан астам компания жұмыс істейді.



САРАПТАМА

ЖАҢА САЯСИ МАУСЫМ:
ҚАЙ ПАРТИЯ БЕЛСЕНДІ?

«Almaty aqshamy»: «Депутат қояр сауал көп» (№86),
«Мәжілістегі мәселе: «партиясыз» депутаттар басым түсті» (№88)

Жаңашылдықтар аз емес

Мәжілістің VIII шақырылымы саяси тұрғыдан өзге шақырылымдардан ерекше. Оның құрамының өзгергені, шынайы оппозициялық партияның Парламент құрамында болуы сияқты жаңашылдықтар аз емес. Десе де, саяси потенциалы жағынан сонау 90-жылдардың басында әрекет еткен Жоғарғы Кеңестің деңгейіне әлі жете қойған жоқ. Алайда, талпыныс бар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 1 қыркүйекте халыққа дәстүрлі Жолдауын арнады. Содан кейін ресми түрде жаңа саяси маусым басталды. Бұған дейін газетімізде жарияланған «Депутат қояр сауал көп» атты сараптамалық мақалада VIII шақырылым депутаттарының сауал жолдаудағы белсенділігі жайлы сөз өрбіткенбіз. Депутаттық сауалдардың кабинетінің қай шенеунігіне қарата айтылғаны және де оларда қандай мәселелер көтерілгені жайлы жазып едік. «Мәжілістегі мәселе: «партиясыз» депутаттар басым түсті» атты екінші талдау мақаламызда осы істі одан әрі жалғастырдық. Онда бір мандатты округ бойынша сайланған депутаттардың партиядан сайланғандардан белсенді болды деген қорытындыға келген болатынбыз. Басты көрсеткіш ретінде «бастамашылдық» алынған еді. Себебі, депутаттар топтасып алып депутаттық сауал жолдағанды әдетке айналдырып алған. Өріптесіне ілесіп сауал жолдау бастамашыл екенінді білдірмейді.

Бұл жолы да Мәжіліс депутаттарының жұмысына сараптама жасауды жалғастырамыз. Жаңа саяси маусымды қай саяси партия белсенді бастады деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Көрсеткіш	Amanat	Ақ жол	ҚХП	Ауыл	Respublica	ЖСДП
Қай партиямен бірлесе жазған?	Ақ жол – 6 ҚХП – 3 Ауыл – 4 Respublica – 1 ЖСДП – 0	Amanat – 6 Ауыл – 1	Amanat – 17 Ақ жол – 3 Ауыл – 3 Respublica – 3 ЖСДП – 2	Amanat – 5 Ақ жол – 3 ҚХП – 2 Respublica – 1 ЖСДП – 1 Бір мандат – 1	Amanat – 6 Ақ жол – 2 ҚХП – 4 Ауыл – 2 ЖСДП – 1	Amanat – 3 Ақ жол – 1 ҚХП – 4 Ауыл – 2 Respublica – 1



Коллажды жасаған Нұрбол ӨСЕРҰЛЫ.

Көш басында – AMANAT,
ЖСДП мен Respublica көш
соңында

Әне-міне дегенше, жаңа саяси маусымның алғашқы айы аяқталып қалыпты. Осы айда Мәжіліс депутаттары 66 депутаттық сауал жолдаған. Көшті 32 депутаттық сауалмен Amanat партиясы бастап тұр. Екінші

орында «Ақ жол». Алашорда идеясын дәріптеп жүрген партия 10 сауал жолдап үлгеріпті. Бұрынғы коммунистер «Қазақстан Халық партиясы» 7 сауалмен үштікке ілінген. Үштікке осы партиялардың орнығуының да астары бар. Олар ұзақ уақыт бойы Парламент Мәжілісінде отыр. Анығырақ айтар болсақ, 2012 жылдан бері. V шақырылымнан бері осы 3 партия биліктегі партия болып есептеледі. Бұл уақытқа дейін саяси тәжірибе жинады. Мұнда оқырмандарға 5 депутаттық сауалды бір мандатты округ бойынша сайланғандар жолдағанын ескерте кеткен жөн.

«Ауыл» партиясы «ҚХП»-ға ілесе келе жатыр. Ал ЖСДП және Respublica көш соңында.

Маңызды көрсеткіштің бірі өзге партияға қосылып депутаттық сауал жолдау. Халық қалаулылары мұндай саяси әдісті көп қолданады. Бұл жағынан «ҚХП» 28 депутаттық сауалмен көш бастап тұр.

«Ақ жол»
жеке дара

Маңызды көрсеткіштің бірі өзге партияға қосылып депутаттық сауал жолдау. Халық қалаулылары мұндай саяси әдісті көп қолданады. Бұл жағынан «ҚХП» 28 депутаттық сауалмен көш бастап тұр. Respublica 15 сауалмен екінші орында. Amanat пен «Ауыл» үштікте. Ал «Ақ жол» өзге партияларға біріге бергенді жөн көрмейтін сыңайлы.

Көрсеткіш	Amanat	Ақ жол	ҚХП	Ауыл	Respublica	ЖСДП
Өзге партиямен бірлескен депутаттық сауал	13	7	28	13	15	11

«ЖСДП» жалғыз
оппозиция

Сараптама нәтижесі көрсеткендей, өзге партиялар билеуші партия саналатын Amanat-пен біріккенді жөн санайды. Биліктегі партиялар Amanat партиясымен 37 рет бірлескен. Бұл көрсеткіш бойынша «ҚХП» көш соңында, ал оппозициялық «ЖСДП» көш соңында. «ЖСДП»-ның мұндай саяси қадамы түсінікті. Себебі, олар өздерін оппозициялық партиямыз деп есептейді. Ең қызығы, билеуші Amanat партиясының бірде-бір депутаты «ЖСДП» бастамашыл болған депутаттық сауалға бірікпеген.

Аманаттықтар «Ақ жол» партиясының депутаттары бастамашыл болған сауалдарға көбірек біріккен. Бір қызығы, ақжолдықтар да Amanat партиясы көтерген мәселені көбірек қолдаған.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы

ЭКОНОМИКА

ШЕТЕЛДЕН ҮШ БАНК КЕЛЕДІ...
Біздегі несие арзандай ма?

Қазақстанға шетелден үш банк келеді екен дегенді естіген біраз адам «енді кредит арзандай ма?» деген сұраққа жауап іздегені рас. Егер біз кредит пайызының құрылымын білсек, ондай сұрақтардың жауабын оңай таба алатын боламыз.

Біздің нарықта отандық банктер мен шетел банктерінің еншілес ұйымдары жұмыс істейді. Отандық банктер S&P рейтингі бойынша В категориясына жатады. Ішіндегі ең мықтысы Халық банк, оның рейтингі ВВ+. Екінші орындағы Каспидің рейтингі ВВ. Ал біздегі шетел банктерінің рейтингі анағұрлым жоғары. «Ситибанк Қазақстан» мен «Шинхан банк Қазақстан» А+ рейтингіне ие. Банктердің бағыттары түрлі болғанымен, негізгі банктік бизнес барлығына ортақ: кредит, комиссия, казначейлік операциялар. Осының ішінен банкке ең көп табыс әкелетіні – кредит.

Кредит пайызы бірнеше фактордан құралады. Ең маңыздысы – елдегі базалық ставка. Қазір біздің базалық ставка 16,5%, +/- 1 коридорымен тұр. Плюс минус 1 коридор деп бекітілсе, демек, кез келген банк Ұлттық Банкке жылдық 15,5 пайызбен депозит орналастыра алады. Ал Ұлттық Банктен кредит алғысы келсе, онда 17,5 пайызбен алады. Бірақ банктер сол 15,5 пайыздан да жоғары табысы бар, еш тәуекелі жоқ ұлттық/квазимемлекеттік компаниялардың облигацияларын алып та оңай кіріс ала алады. Демек, қазіргі жағдайда ешбір банк, тіпті шетелден келсе



де теңгемен 15,5 пайыздан төмен кредит бере алмайды. Егер беретін болса, әр берген несиеден шығын алып отырады.

Кредиттің номиналды пайызы базалық ставка мәні, провизия, тәуекел премиясы, банктің маржасынан (табысы) құралады. Базалық ставка -1 коридормен банк үшін 15,5% дейік. Енді біздегі провизиялар құру қағидасы мен МСФО 9 (қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты) бойынша, кез келген банк әр берген кредитіне провизия (резерв) жасақтауға міндетті. ҚНРДА оны бақылап отырады. Мысалы, банк 1 миллион теңге берсе, кем дегенде 0,3%, яғни 30 мың теңгені сол кредиттің провизиясында

ешқайда құртпай блоктап ұстап отыруы тиіс. Провизия мөлшері LGD (қарыз алушының дефолты кезіндегі банк шығындары), OKY (күтілетін кредиттік шығындар), банк капиталының жеткіліктілігі сынды параметрлерді есепке алып, кредиттің әр санатына бөлек есептеледі. Біз, яғни халық алып жүрген кредиттер «коллективті кредит» категориясына жатады.

Провизиядан бөлек, тәуекел премиясы деген дүние бар. Банк облигация сатып алмай, сол ақшаны сізге беру үшін үстінен 2-3% тәуекел премиясын қосады. Оған қоса, банк пайдасы бар. Біздегі коммерциялық банктердің теңгелік кредиттегі ең аз маржасы 4%. Кей банктер одан да жоғары 5–7% алады. Мықты шетелдік банк 3% қоюы мүмкін. Бірақ банктердің ойынша теңгедегі мерзімі 5 жылдан асатын кредиттердің тәуекелі жоғары. Теңгеге әлі толық сенім қалыптаспады. Сондықтан 5 жылдан артық несие олар тек құнын жоғалтпайтын кепілзат арқылы бере алады.

Сонымен, номиналды банк ставкасын есептейік: банк үшін (-1 коридор) база 15,5%, провизия 0,3%, тәуекел сыйақы 3%, маржа 4% = 22,8%. Яғни біздегі стандартты номиналды ставка осы. Егер супер керемет шетелдік банк келіп, тура осы жағдайда маржаны 3 пайызға дейін азайтып, кредит берсе, онда оның ставкасы 21,8% болады.

Демек, шетелдік банк келсе де, процентті азайта алмайды. Олар келіп экономикаға, кәсіпкерлікке кредит берсе, бизнес климат жақсара бастайды.

Айбар ОЛЖАЕВ,
экономист сарапшы.



ӘКІМ

МЕДЕУ АУДАНЫН ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев тұрғындармен кездесті

(Басы 1-бетте)

Алматылықтар метро бекеттерін абаттандыру және көгалдандыру, бадминтонға, перголаға арналған көше корттарын орнату, итерді серуендету алаңдары, Оқушылар сарайының жанында амфитеатр салу және т.б. бастама көтерген.

Биылғы 2 қазанға дейін сарапшылар барлық өтінімді бағалап, рұқсат беру, бас тарту немесе пысықтау туралы хабарламаны жоба авторларына жібереді. Іріктеуден өткен өтінімдер 13–23 қазан аралығында өтетін жалпы қалалық дауыс беру кезеңіне жіберіледі. Ең көп дауыс жинаған жобаларды аудан әкімдіктері 2024 жылы қалалық бюджет есебінен іске асырады.

ЖАРЫҒЫМЫЗ СӨНБЕЙДІ

Ұзындығы 5 шақырым болатын «Дружба Спорт» бау-бақша серіктестігінің электр желілері қайта жаңартылып, 3 трансформаторлық қосалқы станция орнатылып жатыр. Бұл туралы әкім Ерболат Досаев халықпен кездесуде мәлімдеді. 93 тірек орнатылып, 2 км жерасты кабелі мен 1,2 км әуе желісін орнату жұмыстары жалғасып отыр.

«Горный, Шыбынсай көшелерінің, «Мұзтау», «Кеңсай» (1, 2, 3, 4) ықшамаудандары және бау-бақша серіктестігі тұрғындарын жарықпен үздіксіз қамтамасыз ету үшін ұзындығы 33,8 км иесіз электр желілерін реконструкциялау және 11 трансформаторлық подстанцияны салу жұмыстары аяқталды», – деді шаһар басшысы.

«Асқартау» ауданында электр желілерін салу үшін жобалау-сметалық құжаттама дайындалып жатыр.

«КӨКБАЗАР» ЖАҢҒЫРАДЫ

Жеке қаражат есебінен биыл қыркүйек айының басында «Көктөбе» паркіне дейінгі ұзындығы 1,2 км жаяу жүргіншілер тротуарын жайластыру жұмыстары басталған болатын. Бүгінгі күні жолды кеңейту жұмыстары жүргізіліп, бордюрлар, орындықтар мен урналар орнатылуда. Аяқталу мерзімі – осы жылдың қараша айы.

Биыл «Көкбазарды» модернизациялау жұмыстары басталды. Бұл туралы да Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев халықпен кездесуде айтты.

«Желілерді реконструкциялау, орталық кіреберістің алдындағы бетон жабындыны жаңарту, тірек конструкцияларын күшейту, аумақты абаттандыру жоспарлануда. Бұл жұмысты 2024 жылдың соңына дейін аяқтауды көзеп отырмыз», – деді қала басшысы.

Реконструкция шығынын базар иесі көтеруде.

СУДАН ТАРЫҚПАЙМЫЗ

«Думан» ықшамауданында жалпы ұзындығы 14 шақырым ауызсумен қамту және кәріз желілерін салу бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындылары алынды. Бұл туралы да қала әкімі тұрғындармен кездесуде атап өтті. Ал «Сұлусай» ықшамауданының тұрғындарын ауызсумен толықтай қамтамасыз ету үшін 2 скважина құрылысына мемлекеттік сараптама рұқсат берген. Демек, жалпы ұзындығы 16,9 шақырым сумен қамту және кәріз желілерін салу жұмыстары да қолға алынады.

«Думандағы» құрылыс-монтаждау жұмыстары осы жылдың қазан айында бастал-



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

мақ. Ал «Сұлусайдың» скважиналар құрылысы алдымыздағы қараша айында конкурстық рәсімдер өткізілгеннен кейін қолға алынады. Желілердің құрылысы 2024 жылы басталады.

Айта кету керек, «Алатау» және «Малая станица» ықшамаудандарында сумен қамту және кәріз желілерін салу бойынша сараптама қорытындысы (32 көше) осы жылдың желтоқсан айында шығады деп күтілуде.

57 КӨШЕ ЖӨНДЕЛДІ

Биыл ұзындығы 21,8 км болатын 28 көшені орташа жөндеу жоспарланған. 8 көшені (9,3 км) жөндеу қыркүйек айында аяқталды, қалған 20 көше бойынша жұмыстар осы жылдың қазан айының соңына дейін аяқталады.

«Аудан әкімдігі 2023 жылы көлемі 50 мың м² жолдарға ағымдағы жөндеу жүргізуде. Бүгінгі күні көлемі 48 мың м² болатын 57 көше жөндеді. Жұмыстарды осы жылдың қыркүйек айының соңына дейін аяқтауымыз», – деді қала әкімі.

Ұзындығы 24,5 км болатын 29 көшеде тротуарларды жайластыру жұмыстары жүріп жатыр. Ұзындығы 12 км 11 көшеде жұмыстар орындалды. Бұл жұмыс 2023 жылдың қазан айының соңына дейін аяқталады.

Аудандағы 13 көшенің бойындағы (Гоголь, Калдаяқов, Қабанбай батыр, Қонаев, Жангелдин, Коперник, Қоңыр, Жамақбаев, Сәтбаев, Алдар көсе, Абдуллиндер, Шевченко, Пушкин) іргелес аумақтар абаттандырылып, 6 км техникалық тротуар салынады.

ҚАРТТАРҒА АРНАЛҒАН ТАМАША ЖОБА

«Сұрақ-жауап» сессиясында Медеу ауданының тұрғынынан жақсы бір сауал түсті. «Мен егде жастағы еріктілер мектебіненмін. Біріншіден, сізге қалада «Ұзақ өмір сүру» мектептерін ашқаныңыз үшін алғыс айтқым келеді, олар қарттармен үлкен жұмыстар істеп жатыр. Біздің мектеп қарттарға білім берудің британдық жүйесі бойынша жетінші жыл жұмыс істеп келеді. Біз тілдерді, сурет салуды, йоғаны және т.б. үйренеміз. Жалғыз өтініш – бізге бөлме берілсе», – деді ауданның егде тұрғыны.

«Егде жастағы еріктілер мектебі – тамаша жоба. Мен қуана қолдау көрсетемін, бірақ мен бөлмені жекеменшікке беремін деп уәде бере алмаймын, бірақ жала алу туралы аудан әкіміне тапсырма берейін. Бізде іс-

керлік кездесулерге арналған кеңістіктер бар, олар өте ыңғайлы. Менің орынбасарым Арман Оразбайұлы (Қырықбаев) үй-жай табуға көмектеседі. Менің ойымша, кітапхана желісінде қарт адамдар дәріс оқи алатындай бөлме табуға болады. Біз келісімге қол қоя аламыз, дәрістер өткізе алатын бөделді спикерлермен де көмектесеміз. Еркебұлан Нұрланұлы (Оразалин), аудан әкімі, ол сізді келесі аптада шақырады және сізге қалай көмектесуге болатынын шешеді», – деді мегаполис басшысы.

Алматыдағы «Егде жастағылар мектебі» жобасы волонтерлік негізде жұмыс істейді, оған қарт адамдарға көмектескісі келетін, олардың өмірін қызықты әрі белсенді ететін түрлі мамандықтағы адамдар қатысады.

Осы орайда айта кетсек, елімізде 1 қазаннан бастап Қарттар айлығы басталады.

ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ КӨЗ ҚУАНТАДЫ

Алматыда Оқушылар сарайын жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл туралы да Ерболат Досаев Медеу ауданының тұрғындарымен кездесуде мәлімдеді.

«Жаңғырту аясында жылыту, желдету және ауаны баптау, сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін ауыстыру, жаңа трансформаторлық подстанция орнату жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жұмыс қазан айының соңына дейін аяқталады. Сонымен қатар, обсерваторияда жөндеу жұмыстары жасалып, жаңа лифт пен телескоп орнатылады. Бұл 2023 жылдың желтоқсан айында бітеді», – деді әкім.

Быттыр скверді абаттандыру жұмыстары аяқталды. Сыртқы жарық ауыстырылды, жапырақты және қылқан жапырақты ағаштар отырғызылды, газон және гүлдер егілді, асфальт төселді, орындықтар, урналар, суару жүйесі орнатылып, жаңа субұрқақ салынды.

Биыл жыл соңына дейін «Самал-1» ықшамауданындағы Мемлекеттік музей жанындағы скверді реконструкциялауды аяқтау жоспарлануда.

«Осы жылдың тамыз айында «Самал-1» ықшамауданындағы «Журналистер» скверін реконструкциялау басталды. Жұмыстарды осы жылдың соңына дейін аяқтаймыз. Сіздердің өтініштеріңіз бойынша «Алатау» ықшамауданында Ибрагимов көшесі бойынша скейт-парктің құрылысы басталды. Жұмыстарды осы жылдың соңына дейін аяқтаймыз», – деді Е.Досаев.

ТҮЙІН: Ауданда қыруар жұмыс істелгенімен, шешімін күткен өзекті мәселелер де баршылық. Жергілікті биліктің халықпен кездесуі де сол проблемаларды тұрғындардың өз аузынан есту, білу, шешімін іздеу, яғни екіжақты диалог орнату мақсатында ұйымдастырылып отыр. Кездесу барысында тұрғындар тарапынан қойылған сауалдардың бәріне қала әкімі нақты жауаптар берді. Ал уақыттың еншісіндегі кейбір мәселелерді сала мамандарына табыстап, қадағалап отыруды, шешімін көпке созбауды міндеттеді.



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

МЕДЕУ АУДАНЫ



«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Құлжа күре жолының оңтүстігінде **2 мың** орынды жаңа мектеп салынады.



Бүгінгі күні 350 орынды **7 балабақша** ашылды, қалған 3-еуі осы жылдың соңына дейін ашылады.



Биыл сәуір айында жалпы ұзындығы **46 км** су құбыры және канализация желілерінің құрылысы басталды.



Биыл ұзындығы 21,8 км болатын **28 көшені** орташа жөндеу жоспарланған.



31 көшеде ұзындығы **23,6 км арық** желілерін реконструкциялау жұмыстары жүріп жатыр.

Әзірлегендер Нұржамал ӘЛІШЕВА, Гүлжанат СЕМБАЕВА.





ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

АЛМАТЫ ЖЫЛЫТУ
МАУСЫМЫНА ТОЛЫҚ ДАЙЫН

Қалада мегаполис әкімінің тапсырмасы бойынша энергетикалық инфрақұрылымның 2023-2024 жылыту қысқы кезеңіне дайындығын қамту бойынша жұмыстар басталды. Бүгінгі таңда барлық қазандық 100% дайын. Қалалық шаруашылықтың жылыту маусымына дайындығы 1 қазанға дейін қамтамасыз етіледі.



Қазандықтар

Алматыда жылыту маусымы қарсаңында 9 ірі және 75 шағын қазандыққа жөндеу жұмыстары аяқталды. АЖКЭ қалалық қазандықтарынан барлығы 141 мыңнан астам тұтынушы жылумен қамтамасыз етіледі.

Жылу генерациялау нысандарын жоспарлы реконструкциялау аясында жылуаралық кезеңде 7 қазандықта 12 су жылыту қазандығы, 19 қазандықта 41 айналмалы механизм (түтін сорғылары мен сорғылар) ауыстырылды. Медеу және Түркістан аудандарында орналасқан 3 жалпы білім беретін мектепті, 2 балабақшаны және 1 қалалық клиникалық аурухананы жылытатын 4 қазандыққа жаңа жабдық орнатылды.

«Биыл жыл соңына қарай Алматыда қазандық жабдықтарының тозуы 1,2%-ға азаяды. Сонымен қатар, қазандықтардың уақытылы реконструкциясы мегаполистің экологиясына әсер етеді. Бүгінде жылу энергиясын өндіру үшін АЖКЭ қазан-

дықтары, бір жергілікті қазандықты қоспағанда, тек табиғи газды пайдаланады. Мониторингке сәйкес, көгілдір отынды пайдалану соңғы 5 жылда атмосфераға шығарындылар көлемін 2 еседен астам азайтты», деп хабарлайды «Алматы-теплокоммунэнерго» ЖШС.

Жылу магистралі

Кесте бойынша «АлЭС» АҚ энергия жабдықтарын жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. 1-ЖЭО-да жұмыстар қазан айында аяқталады. ЖЭО-2 және Каскад ГЭС осы жылдың қараша айында жөндеуді аяқтау жоспарланған. Айта кетейік, екі нысанда жаңғыртуды жалғастыру жылу беру маусымының дайындығына әсер етпейді. Яғни жұмыс параллель жүреді.

Қазіргі уақытта көмір мен мазуттың жоспарлы жинақталуы жүріп жатыр. Газ ЖЭО-1 мен батыс жылу кешенінің бұрылысы басталғаннан бастап қажетті мөлшерде пайдаланылады.

Желілерді жаңғырту

Ганди көшесі бойындағы Қозыбаев көшесінен Бостандық ауданындағы оңтүстік-шығыс аудандық қазандығына (Қаратаев көшесі, 38 Б) дейінгі жылу магистралін; Есенов-Колпаковский көшесіндегі Раскова көшесінен Жетісу ауданы №14 лицей мектебінің ғимаратына дейінгі жылу желілерін; Уәлиханов көшесінен Медеу ауданы Абдуллиндер көшесіне дейінгі Қазыбек би көшесіндегі жылу желілерін реконструкциялау жұмыстары аяқталды. Жолдағы шектеулер алынып тасталды.

Жүргізілген жұмыстар қалалық қазандықтарда штаттан тыс жағдайлардың туындау қаупін барынша азайтады, олар өндіретін жылу сапасын арттырады, техниканың тозу пайызын айтарлықтай төмендетеді, оған қызмет көрсету мен жөндеу шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

Қалған реконструкциялау жобалары бойынша жұмыс жалғасып отыр, жоспар бойынша бүгін аяқталады. Атап айтқанда, «Мамыр» ы/а, Кіші Саин көшесінің батыс

жағымен, Қажымұқан көшесімен, Бродский-Казаков көшесімен, «Құлагер» ш/а, «Айна-бұлақ» ш/а, Мұқатаев көшесіне, Лавренев көшесінің шығысында Дөнентаев көшесінен «Энергетик» ТП-ға дейін, Бөгенбай батыр көшесі, Байтұрсынов көшесінен Наурызбай батыр көшесіне дейінгі аулашыл аумақтарда жылу желілерін салу туралы сөз болып отыр. Ескараев көшесіндегі қозғалыс шектелген, жұмыстарды осы жылдың қараша айында аяқтау жоспарланып отыр (2024 жылға ауысатын нысан).

Қалада үздіксіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ету бойынша жөндеу жұмыстары да аяқталды.

«Алматы Су» желісі бойынша Алатау, Алмалы, Әуезов, Бостандық, Медеу, Жетісу, Түркістан, Наурызбай аудандарында жер жұмыстары, құбырларды төсеу және құдықтарды монтаждау жалғасып жатыр. Көріз желілерін реконструкциялау – 2,7 км сумен жабдықтау бойынша аталған аудандарда құбырларды төсеу және жалпы ұзындығы 43 км-ден асатын құдықтарды монтаждау қолға алынған.

КЕЗДЕСУ

АЛМАТЫ ЭКОЛОГИЯСЫ
ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев Алматы қаласының тұрғындарымен кездесу өткізді.

Экология және табиғи ресурстар министрінің мегаполис халқымен кездесу бірден сұрақ-жауап форматынан басталды. Кездесуге келген қала тұрғындары мен экобелсенділер Алматы қаласының экологиялық жағдайы, шаһардың жасыл желегін сақтау, қаңғыбас иттерді аулау сынды өзекті мәселелерге байланысты сұрақ қойды.

– Қала әкімшілігінің Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Медеу жақтағы филиалын өз қарамағына алуына қалай қарайсыз? – деді экобелсенді.

– Бұл сұрақты талқылап, аймаққа байланысты болашақ жоспарларды анықтау керек. Мен адамдардың демалысқа шыққанын қолдаймын. Бірақ қоршаған орта мен тау экосистемесіне зияны болмауы керек. Мен табиғат пен адамның бірге баянды өмір сүре алатынына сенімдімін. Бірақ ол адамдардың жауапкершілігіне байланысты. Біздің бұл мәселе бойынша әлі зерттеу жұмыстарын жүргіземіз. Егер айтылған аймаққа үлкен құрылыс нысандарын салу туралы сұрақ туындаса, онда мен оған қарсымын. Бірақ бастысы бұл жерде ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесі сақталады, – деді Ерлан Нұралыұлы.

Келесі кезекте Экология және табиғи ресурстар министрлігіне байланысты заң жобаларына байланысты сауал жолданды.

– «Жануарларға жауапкершілікпен қарау» туралы заңның қабылдануына 2 жыл болғанымен, іс жүзінде жергілікті атқарушы органдарымен бұл тиісті деңгейде орындалып жатқан жоқ. Бұл заңның орындалуын кім бақылауы керек? – деді тұрғын.

– Қабылданған заң мінсіз емес болуы мүмкін. Бірақ халықаралық тәжірибені ескере отырып, біз оны әлі де толықтыра түсеміз. Жануарларды аулау, зарарсыздандыру, вакцинациялауға байланысты сұрақтар көп және біз бұл сұрақтарды шешудің жолын іздейміз, – деді министр.

Алматы қаласының тұрғындарымен кездесуінен соң ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев брифинг өткізіп, БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

Досбол АТАЖАН.

ҚАУІПСІЗ АЛМАТЫ

ҚЫЛМЫС ДЕҢГЕЙІ ТӨМЕНДЕДІ

Қаладағы учаскелік пункттер қалай өзгереді?

Алматыда полицияның сервистік моделі енгізілуде. Сервистік қызмет – бұл кез келген мәселе бойынша құқықтық тәртіп қорғаушыларына жүгіну азаматтар үшін қолжетімді қызмет түрі.

Жаңа модель аясында жергілікті бюджет есебінен мегаполисте «қадамдық қолжетімділік» қағидаты бойынша жұмыс істейтін және полиция мен жергілікті тұрғындар арасында әріптестік қатынас орнатуға бағытталған 30 заманауи учаскелік пункт пен 16 сервистік орталық ашу жоспарланған. Осы жобаларды іске асыру үшін «Қауіпсіз қала» бағыты бойынша Алматы қаласы әкімдігі жанындағы жобалық кеңсе мен ҚР ІІМ белсенді жұмыс жүргізуде.

Алматыда алғашқы осындай учаскелік пункт (ПУП) осы жылдың тамыз айында Наурызбай ауданындағы «Алем Сити-1» тұрғын үй кешенінде ашылды. Бұл ТҮК-дегі аулаларда, кіреберістерде, сонымен қатар, іргелес аумақтарда бейнебақылау камералары қойылды, бұл құқық қорғау органдарына ауданның қауіпсіздігін тәулік бойы бақылауға мүмкіндік береді.

«Біздің ПУП алдымызға бірқатар маңызды міндет қойып отыр. Ең әуелі біз өз аймағымызда қауіпсіздікті қамтамасыз етеміз. Бұл оқиғаларға жылдам әрекет етуді және қылмыстың алдын алуды қамтиды. ПУП ақпаратқа жылдам қол жеткізу үшін байланыс, бейнебақылау және мәліметтер базасымен қамтамасыз етілген. Осының арқасында біз сын-қатерге жедел ден қойып, тергеуді тиімді жүргізе аламыз», – деді Алматы қаласы ПД УМПС учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру бөлімінің басшысы, полиция майоры Айтан Елеусізов.

Оның айтуынша, ПУП-тың тұрғын үй кешенінде орналасуы учаскелік инспекторға тұрғындармен қарым-қатынас жасауға және жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

«Біз үшін тағы бір маңызды міндет – тұрғындармен өзара қатынасты күшейту. Біз алматылықтардың кез келген уақытта хабарласа алатынын білгенін қалаймыз.

С о н д ы қ т а н халықпен кездесіп түрлі іс-шараға қатысамыз», – деп учаскелік полициялардың ҚР ІІМ академиясында оқып жатқанын айтып өтті.

Сервистік орталықтар туралы айтсақ, олар азаматтардың көмегіне шұғыл назар аударуға, жағымсыз оқиғалардың алдын алуға, қалалық полиция бөлімшелерінің жүктемесін азайтуға, сонымен бірге құқық қорғау органдары жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Полицияның сервистік орталықтарында тегін қызметтердің 55 түрі, оның ішінде көші-қон, әкімшілік заңнама және басқа да заң мәселелері бойынша консультациялар көрсетіледі. Мұнда психолог, медиатор жұмыс істейді. Сервистік орталықтарда ресепшн, күту аймағы, балалар бұрышы қарастырылған.

ПО жүйесінде учаскелік полиция инспекторлары ең көпфункционалды полиция қызметін ұсынады. Олар құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алудың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің, тұрғын ықшамаудандар мен елдімекендердегі азаматтардың қауіпсіздігінің негізі. Биыл 8 айда учаскелік инспекторлар 2 мың 211 қылмысты ашып, 63 мың 811 құқықбұзушылықты анықтады. Жалпы, қалада қылмыс жыл басынан бері 27,8%-ға төмендеді.

Әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.





ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫ

АСЫЛЫМЫЗ, АЛТЫН ҚАЗЫНАМЫЗ...

Қариялардың қамсыз қарттығын қамтамасыз етіп, оларды әлеуметтік қолдау қай кезде де маңызын жоғалтпайды

Халықаралық қарттар күні 1990 жылы 14 желтоқсанда БҰҰ Бас ассамблеясында бекітіліп, жарияланды. Бұл күн мереке ретінде бекітілмес бұрын Еуропада, АҚШ-та ғана тойланып келсе, сол жылдан бері қарияларды құттықтауға бүкіл әлем жұрты қосылды. Ресми мәліметке сәйкес, Қазақстанда 2 миллион 300 мың зейнет жасындағы азамат тұрады. Қалада халықаралық мәртебесі бар, мәні бөлек Қарттар күнін бір ай көлемінде атап өту жыл сайын дәстүрге айналып келеді. Биыл мегаполисте бірқатар іс-шара жоспарланған.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бүкіл елдің бейнесін көрсететін де қарттарымыздың жағдайы. Бірақ қазақстандық қариялардың бәрі бірдей бейнетінің зейнетін көріп, бала-шағасының жанында қарттық ғұмыр кешіп жатқан жоқ. Бірі – отбасының ортасында, кейбірі жалғыздықта, енді бірі – еңбек етіп, бірі қамсыз, бірі панасыз өмір сүріп келеді. Олар кешкен бейнеттің өтеуі тек бейқам зейнетпен өтуі керек. Конституцияда қарттардың жалпы азаматтық және арнайы құқығы мен мүдделері, оның ішінде жасы бойынша әлеуметтік қамсыздандыру кепілдіктері нақты бекітілген.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында зейнетақымен қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру бойынша бірқатар шараны атап өтті. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2027 жылға дейін базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54%-ынан 70%-ына дейін, ал ең жоғары мөлшері 100%-ынан 120%-ына дейін кезең-кезеңімен арттырылатын болады.

«Бытыр жылдың соңында елімізде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін 281 ұйым болды, оның ішінде, стационарлық үлгідегі 172 ұйым, жартылай стационар – 75, уақытша қабылдайтындар – 31, сондай-ақ арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің бірнеше шарты бар 3 ұйым бар», делінген Статистика агенттігі берген ақпаратта.

Биыл Қарттар күні мерекесіне орай зейнеткерлер қаржылай көмек алады. Оларды әлеуметтік қолдау үшін 4 миллиард 600 миллион теңге бөлінген. Оның 2 миллиард теңгеге жуық қаржысы елорда, Қарағанды, Маңғыстау, Жетісу, Ұлытау, Ақмола және Павлодар облыстарындағы аға буын өкілдеріне тиесілі. Қаржылай көмекті алатындардың саны – 234 мың. Ал Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Түркістан, Абай және Ұлытау облысындағы қарттарға мерекелік азық-түлік себеттері табысталды.

Егде жастағы алматылықтарға қандай қолдау көрсетілетіні жайлы Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов баяндап берді.

Алматының Ардагерлер кеңесі әлеуметтік қолдау жасап, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, қарт адамдарға көмек көрсетеді. Айта кету керек, ардагерлер ұйымы қаланың қоғамдық бірлестіктерінің ішінде адам саны көп бірлестіктердің бірі – құрамында 253 мыңнан астам адам бар.

Қалада 10 белсенді ұзақ өмір сүру орталығы бар, олардың 9-ы аудандарда орналасқан. Орталыққа егде жастағы 12 мың адам барады. Орталықтарда өткен жылы 33 мың зейнеткер тіркелген.

Бүгінгі таңда белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары Алматының барлық аудан-

Светлана ЖАҚЫПОВА,
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі:

– Қарт адамдарды қолдау және оларды қоғамдық өмірге тарту үшін басқа да шаралар жүзеге асырылуда. Республикада белсенді ұзақ өмір сүру үшін 79 орталық ашылды. Олар белсенді жұмыс істеп жатыр. Олардың қызметі егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға, өнімді және белсенді ұзақ өмір сүруді ынталандыруға, егде жастағы адамдардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Ақан БИЖАНОВ, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

– 90-шы жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы бүкіл әлемде Қарттар күнін өткізу туралы қарар қабылдады. Біздің қалада мәслихат қазан айы бойы қарттар айлығын өткізу шешімін қабылдады. Әдетте, осы уақытта, яғни қазан айының басында қалалық ардагерлер кеңесі төралқасының мүшелері қала басшылығымен кездесіп, ардагерлер ұйымдары мен ардагерлер маңызды мәселелер бойынша кеңеседі.

Әрине, бұл бір күндік, бір айлық қана жұмыс емес деп айтар едім. Бұл жұмыс мақсатты түрде, әкімдіктің басшылығымен жыл бойы жүргізіліп келеді. Бұл жұмыс қала және аудан әкімдіктерімен бірлесіп атқарған қаланың ардагерлер ұйымдарының негізгі жұмысы деуге болады.

нында жұмыс істейді, бұл қоғамдық өмірдің түрлі салаларына қатысатын қарт адамдардың ауқымын кеңейтуге, белсенді азаматтардың көбеюі мен олардың өмір сапасының артуына мүмкіндік береді.

Ардагерлер ұйымының басшысы атап өткендей, қарт адамдарға арналған айлық ауқымды болмақ. Қалада іс-шаралар жоспары әзірленді. Әр ауданда көпшіліктің қатысуымен мәдени-демалыс іс-шаралары ұйымдастырылады. Әсіресе, ардагерлер үшін түрлі сыйлықтар жасалып, қайырымдылық түскі астар ұйымдастырылады. Бұл күндері қарт адамдар мұражайларға, театрларға, экскурсияларға және т.б. бара алады. Сонымен қатар, медициналық мекемелерде ашық есік күндері өткізіледі. Қарт алматылықтар терапевт, геронтолог, невропатолог, хирург және басқа да мамандардың қабылдауынан өте алады. Өздігінен бара алмайтын қарттарға медициналық қызметкерлердің кешенді бригадалары үйлеріне барады.

Қала ардагерлері мен зейнеткерлеріне практикалық көмек көрсетілетінін де атап өтті. Қаржылық қолдаудың әртүрлі түрлерін (13 түрі) көрсетуге тек қала бюджетінен қаражат бөлінеді. Ыстық және суық су есептегіштерін орнату және ауыстыру, газ жаб-



дықтарын жүргізу және орнату шығындары өтеледі. Сонымен қатар, санаторияларға жолдаманың құны және тағы басқалар өтеледі. Өткен жылы ғана 1 млрд теңгеден астам сомаға 14 мыңға жуық зейнеткерге бір-жолғы көмек көрсетілген.

ҚОҒАМ

Алматыда биыл 2,5 млрд теңгеге 27 мыңға жуық адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Олардың ішінде қолдауға мұқтаж қарттар, жалғыздікті жандар да бар. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтарға тағы қандай қолдау көрсетілетінін Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов айтып берді.

АҒА БУЫН
БАРЛЫҚ
ҚҰРМЕТКЕ
ЛАЙЫҚ

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Басқарма өкілі атап өткендей, ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедек жандарға, аз қамтылған отбасыларға, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға және халықтың басқа да осал топтарына көрсетілетін әлеуметтік көмектің 17 түрі бар.

Мәселен, азаматтар талап ете алатын әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылардың қатарында ай сайынғы ҰОС мүгедектеріне, ҰОС-да қаза тапқан жесірлерге, Ауғанстандағы әскери қиындық кезінде қаза тапқандардың ата-аналарына, жұбайларына 6,5 АЕК (19 910 теңге) көмек (9,8 млн теңгеге 69 адамға көмек көрсетілді) те бар.

Бұдан бөлек, аз қамтылған азаматтарды, оның ішінде зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау мақсатында қалалық мәслихаттың шешімімен әлеуметтік көмектің бірнеше түрі көрсетіледі.

Сондай-ақ, Б.Жаубасов басқармаға қарасты 10 медициналық-әлеуметтік мекеменің жұмысын атап өтті.

Мәселен, қаладағы «Шаңырақ» әлеуметтік қызметтер орталығында стационар жағдайында 288 жалғыздікті ардагер, зейнеткерлер, күтімге, тұрмыстық және медициналық қызмет көрсетуге, әлеуметтік-еңбекке бейімдеуге мұқтаж мүгедектер тұрады. Орталықта физиотерапиялық, емшара, стоматологиялық кабинеттер, еңбек терапиясы кабинеттері, сенсорлық бөлме, ЛФК кабинеті, массаж кабинеттері бар. Сондай-ақ, инсульт, инфаркт алған адамдар және тәулік бойы бақыланатын тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектер қаралатын паллиативтік бөлімше бар.

«Аға буын азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға, олардың белсенді зияткерлік, шығармашылық, қоғамдық қызметке тартылуына және ұрпақтар сабақтастығына жәрдемдесуге бағытталған жүйелі мәдени-демалыс жұмысы үшін өткен жылы күніне 150 адамның барып тұруы үшін белсенді ұзақ өмір сүрудің мемлекеттік орталығы ашылды», – деп атап өтті басқарма басшысы.

Биыл орталықта 1742 зейнеткер тіркелген, олар 48 мыңнан астам сауықтыру қызметтерін алған, түрлі бағыттар бойынша курстардан өтіп, бос уақытын тиімді өткізген. Егде жастағы жандарды жан-жақты қолдау жұмыстары одан әрі жалғаса бермек.

КІТАПХАНАДАҒЫ КЕШ

«ЖҮРЕКТЕРДІ ЖАРАСТЫРҒАН АЛМАТЫ»

Өмір, достық, адалдық, адамгершілік хақындағы ой-толғамдар

Ару Алматы баланы да, дананы да жатсынбайды, құшағы кең. Бұрыннан солай. Алматы талайдың арманына қанат байлап, талайды мақсат-мұратына жеткізген. Әлі де солай. Әсем қалаға келіп, бақытын тауып, бас құраған жандар қаншама?! Қаламыздағы А.Чехов атындағы орталық қалалық кітапхана ұжымы оқырмандармен «Жүректерді жарастырған Алматы» тақырыбында кеш өткізді.



Нұржамал
ӘЛШЕВА



Оқырмандармен жүздесуге елімізге белгілі ақын-сазгер, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бекжан Өшірбай мен жары, журналист, әнші Гүлмира Сәйділдәқызы және журналист-жазушы, халықаралық «Шабыт» фестивалінің гран-при иегері, тележүргізуші Мақсат Рамазанұлы мен келіншегі «Алқа» баспасының бас редакторы, аудармашы Баян Хасанова келді.

Меймандар бүгінде сағынышқа айналған естеліктерімен, өмір жайлы, адами құндылықтар, махаббат, достық, адалдық, адамгершілік хақындағы ой-толғамдарымен бөлісті. Бекжан Өшірбайдың студенттер алдында күнде дәріс оқып, әбден төселгені көрініп тұр. Ойлары да тың. Жастарды баурап алғаны соншалық, ұйып тыңдады.

«Иә, бәріміз арман қуып Алматыға келгенбіз. Менің өзі ауылда тұрғаным қарағанда, осы Алматыда тұрғаным көп екен. Сондықтан жаныма жақын қала. ҚазҰУ-дың Журналистика факультетін

бітіріп, осы жерде өсіп, өндік. Отбасын құрдық. Жұбайым екеумізді табыстырған да Алматы. Қазір жастарға дәріс беріп, ғылым жолында жүрген жайымыз бар. Алматы – махаббаттың, жастардың қаласы. Мен де әлемнің жарнамасы жер жарған біраз елінде болдым. Бірақ соншалықты мақтап барған қалаларды көрген кезде, «менің әсем Алматыма жетпейді екен ғой» дейтінім бар. 2005 жылы Умраға барғанымызда, Олимпиада чемпионы Ермахан ағамыздың Меккенің тау-тасасын, шаңдақ даласын көріп, «жұмақ деген – біздің Алматы екен ғой» дегені бар. Яғни әркімнің туған жері Мекке қаласы. Жастарға «Алматымыздың қадірін білейік, елдің қадірін білейік» дегенді жиі айтып жүреміз», – дейді ол.

Кеш барысында қонаққа сұралып, Бекжан Өшірбай өлең оқып, ал жары, әнші, ҚазҰУ-де, Өнер академиясында сабақ берген оқытушы, қазір бала тәрбиесімен үйде отырған көпбалалы ана Гүлмира Сәйділдәқызы әннен шашу шашты.



Бекжан ӨШІРБАЙ, ақын:

ИНТЕЛЛЕКТУАЛ ҰЛТҚА КІМДЕР ЖАТАДЫ?

Бір жылдары кітапханаларымыздың есігіне қара құлып салынып, мәдениет үйлеріміздің тоз-тозы шыққан болатын. Ал қазір Тәуелсіздігіміздің арқасында еңсеміз тікеліп, руханиятымыз да дұрысталып келеді. Міне, нарықтық қатынасқа енгенімізге отыз жылдан асты, бірақ бізде кітапханалар қызметі тегін. Білім алу тегін. Мынаны қараңыз, БҰҰ бекіткен өлшеммен қазақстандықтар интеллектуал ұлтқа жатпайды екенбіз. Неге? Мәселен, елімізде 132 жосары оқу орны бар, жылына қаншама жас білім алып шығып жатыр. Ал интеллектуал ұлт қатарына ену үшін сол елдегі бүкіл халықтың 1 пайызы кітапханадан кітап жаздырып алып оқуы керек. Осы көрсеткіш бізде жоқ екен. Президентіміз айтты, есігі 24 сағат бойы ашық тұратын кітапханалар керек бізге деп. Білуіміше, Алматыда үзіліссіз істеп тұрған екі кітапхана бар. Бұл да үлкен жетістік.

Мақсат РАМАЗАНҰЛЫ, қаламгер:

УАҚЫТТАН ҚАЛМАУ КЕРЕК

Осы шаһарға ауылдан 16 жасымда келсем, 22 жас болыпты алматылық болып жүріп жатқаным. Өмір болғасын, адам болғасын, бәрі мінсіз болуы мүмкін емес. Қателесетін тұстарымыз болады. Бірақ мамандық таңдауда қателеспеген дұрыс дер едім. Жүрек қаламаған іспен айналысу жетістікке жеткізбейді. Ал қарапайым етікіміз болса да, жаныңның қалауын орындау – ол сөзсіз бйкке бастайды. Қазіргі күні мамандықтың түрі көп. Инновациялық технологияның өте қарқынды түрде дамып жатқаны соншалық, қалып қоймай, тез ілесіп, уақытпен ұштасып отыруың керек. Ал ілесу үшін білімді аспаннан алмайсың ғой, кітаптан аласың. Оқу-білімге, кітапқа ілесе білгенін, бойыңнан ізденуге деген асқан құштарлықты байқау – бұл алдағы өміріңе даңғыл жол салынды деген сөз.

Баян ХАСАНОВА, аудармашы:

ТАҢДАУ ДА – ӨМІРДІҢ БІР ӨЛШЕМІ

Иә, жұбайымның пікірімен келісем, таңдау жасауда қателеспеу керек. Ал біздің өміріміздің әрбір сәті таңдаудан тұрады. Мәселен, дәл қазір сіздің орныңыздан тұрып кеткіңіз келіп отыр ма, әлде қалғыңыз келе ме немесе осы кездесуден шыққан соң үйге барып кітап оқиян ба, әлде қыздармен қыдырып кетейін бе деген сияқты таңдауды алайық. Қалай болғанда да таңдауды сіз жасайсыз. Сол кезде «маған қайсысы дұрысырақ, пайдалырақ» деп ойланған абзал. Пенде болғасын, көп жағдайда эгоистігіміз басым болады, оны көп ретте материалдық тұрғыда өлшейтініміз тағы бар. Ал көбірек білім алуда, мен мына жігіттен, қыздан озып кетейіні деген эгоизм тұрғысынан алғанда да, таңдауды дұрыс жасай білу керек.

КӨРМЕ

Алматы музейінде ҚР Суретшілер одағының мүшесі Айсұлу Үсентаеваның «Менің Алматым» атты жеке шығармашылық көрмесі ашылды. Экспозицияда автордың 30 кескіндеме туындысы ұсынылды.



«МЕНИҢ АЛМАТЫМ»


сүйіспеншілікке толы туындылар

Айсұлу Үсентаева Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. О.Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжін («көркем тоқу» мамандығы бойынша) және Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясын бітірген. Дипломдық жобасы – «Бастау» гобелені ұстаздарының ерекше ықыласына бөленген.

Қазақстандық дарынды суретші Айсулу Үсентаеваның туындыларына ерекше түс, ерекше авторлық қолжазба және қуатты энергетика тән. Сондықтан ол көрерменге оңай беріледі.

Суретші Алматы қаласының маңында да, еліміздің басқа өңірлерінде де көптеген пленэр ұйымдастырған. Айсұлуды ауа райының қолайсыз сәттері де тоқтатпайды. Ол қақаған қыста да, жауынды көктемде де, желі бет қаратпас күзде де жаза береді. Сондықтан болар, оның пленэрлік жұмыстары адамды шынайылығымен баурап алады. Суретші нәзік жарық пен түс нюанстарын сәтті ұштастырып, оның бірегейлігін көрсетуге тырысады. Оның барлық картинасы үйлесімділік пен өз жеріне деген сүйіспеншілік сезіміне толы.

Айсұлу Үсентаева – қалалық, республикалық және халықаралық көрмелердің қатысушысы. 2023



жылы оған Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі берілді.

Айсұлу суретшінің көрмесі 10 қазанға дейін жалғасады. Келіңіздер, өнердің бағасын беріңіздер!

Нұр ЖАМАЛ.



СТУДЕНТТЕРІ ҮЙІ

ЖАТАҚХАНА ЖЕТКІЛІКТІ БОЛАДЫ

Алматыда оқу жылының басынан бастап, 7 жаңа жатақхана ашу есебінен 1,5 мың студент орынмен қамтылды

Құрамында Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Азиз Қажденбек, қоғамдық өкілдер, қалалық Мәслихат депутаты бар арнайы топ мүшелері Медеу ауданындағы Затаевич көшесі, 11 мекенжайында орналасқан жаңа студенттік жатақхана мен Бостандық ауданындағы «Алмагүл» ықшамауданы, 36/1 салынып жатқан жатақхана құрылысына байланысты баспасөз турыны ұйымдастырды.

– Еліміздегі 35 жоғары оқу орны Алматыда орналасқан. Бүгінде осы оқу орындарында 197 мыңнан астам студент білім алып жатыр. Мәселен, осы жастардың 126 мыңнан астамы қаладан тыс өңірлерден келген студенттер. Қазіргі кезде қаламыздағы 102 студенттік жатақханада 33,5 мыңнан астам студент тұрады. «Алматының Даму бағдарламасының» «Жол картасы» аясында 2025 жылдың соңына дейін 12 мың төсек-орын, ал 2030 жылдың соңына дейін тағы 20 мың төсек-орын құру жоспарланып отыр. Сәтін салса, бұл жатақхана тапшылығы мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік береді, – деп атап өтті Алматы қаласының жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары.

Қазір «Алматы» ықшамауданындағы «Мұғалім» ЖК және «Мұғалім» ЖШС жаңа

студенттік хостелдеріндегі құрылыс жұмыстары аяқталуға таяу.

Жаңадан бой көтеріп жатқан 9 қабатты «Мұғалім» ЖШС жатақханасында студенттерге орынмен қатар, коворкинг, кітапхана, ата-аналарға арналған қонақ бөлмелері пайдаланылуға беріледі. Негізінен бұл жатақхана «Ұстаз» еліміздің өңірлеріне болашақ оқытушыларды даярлау жобасы аясында жұмыс істейтін болады.

Жатақханаларды салу бойынша жұмысты тиімді үйлестіру үшін наурыз айында қала әкімдігі ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп жобалық кеңсе іске қосқан болатын. Іске қосылғаннан күннен бастап, оған 100-ден астам әлеуетті инвесторлар жүгінді.

Сонымен қатар, Алматы қаласының әкімдігі ҚР Ғылым және жоғары білім ми-



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

нистрлігімен бірлесе ситуациялық және дағдарыстық орталықтар ашты. Алматыда оқу жылының басынан бастап, 7 жаңа жатақхана ашу есебінен 1,5 мың студент орынмен қам-

тылды, қалалық Туризм басқармасымен бірлесіп, жатақханалар мен қонақүйлерге орналашу есебінен 10 мың төсек-орынмен қамтамасыз етілді.

ТӘРБИЕ ДЕГЕН БІР ТӘҢІР

Елімізде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа Мемлекеттік стандарты мен үлгілік бағдарламалары қабылданып, бұл бағыттағы жұмыстар жандана түсті. Ең бастысы – балабақшалар бір ережемен шектеліп қалмай, енді күн тәртібін өздері еркін әзірлей алады. Бұл осы саланың қызметкерлеріне ерекше екпін беріп отыр.



Осыған орай, енді тәрбиешілерге оқыту мен тәрбиелеуде әртүрлі тәсілдерді қолдануға, минут сайын қатан кестеге байланбай, күні бойы балалардың ойын және оқу жаттығуларын ұйымдастыруға мүмкіндік алды. Сонымен қатар, балабақшалар білім беру сапасын да өздері бағалайды.

Бұған қоса, аттестациядан өткенде, олардың стандартты орындауы, үлгілік оқыту бағдарламасын игеруі, оның сапасы, балабақшадағы орын

мен топ саны сияқты өлшемшарттар қаралатын болды. Мемлекеттік стандартқа сай балабақшалар өздерінің мүмкіндігін, кемшін тұстарын – критерийлер арқылы бағалап, жұмысын жетілдіруді жоспарлай алады. Бұл өз кезегінде мектепке дейінгі мекеме жұмысының сапасы артып, жаңаша өрбуіне мүмкіндік беретін болады. Қаламыздың Алатау ауданына қарасты Айнұр Әлімбекова басшылық ететін №37 бөбекжай-балабақша ұжымында да атқарылып жатқан жұмыстар Мемлекеттік стандарттың негізінде жүзеге асып жатыр.

«Ұрпақ тәрбиелі болса, сол ұлттың болашағы да жарқын болмақ» демекші, балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, ойлау негіздерін, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттерін және рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың қайнар көзі – мектепке дейінгі кезеңнен бастау алатыны ақиқат.

– Балабақша ұжымының ең басты мақсаты – мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру стандартының негізгі ережелері мен талаптарын басшылыққа ала отырып, балабақшамызға келген бүлдіршіндерді креативтілікке, сыни ойлауға, коммуникативтілігін дамытуға және топпен жұмыс істей білуге үйрету болғандықтан, осы бағытта бел шеше еңбек етіп жатырмыз.

Мәселен, біз үнемі бір-бірімізге «Сіз керексіз заттарды қоқысқа лақтырмай, пайдаға асырып көрдіңіз бе?» деген сауал қоямыз. Сосын бір данышпанның «Әлемді қоқысқа толтырып қайтесіз. Бұл әлем онсыз да лас» деген сөзін ойға аламыз. Қазіргі таңда осынау сөздер біздің ішкі оймыздан шығып, балабақшамызда керексіз заттарды «қажет» етіп, балаларға тәрбие мен білім беру жолында әдістемелікке айналдырып отырмыз. Бұл ретте ұжым ғана емес, ата-аналармен бірлесіп отырып, көп жұмыс атқардық, – дейді балабақша меңгерушісі Айнұр Батырбекқызы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Мемлекеттік стандарты баланың белсенді қимыл-әрекет дағдылары мен денелік өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін қалыптастыру және дамыту,

БІЛІМДІ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ
балабақшадан басталады

үлкен нәтиже болып отыр. Кіші жастағы балалардың қақпақтан жасалған үстелүсті ойындарын, дидактикалық және оқу қызметінде үлестірімелі материалдарды қолдану барысында балалардың ұсақ моторикасы дамығаны, сөздік қорлары байығаны да нәтиженің бір көрінісі.

Осылайша жарамсыз заттарды тастамай, балалардың қажетіне жаратып, балалардың моторикалық ұсақ бұлшық еттерін дамыту үшін бұйымдар жасап жатырмыз. Байқасаңыз, қазіргі балалар дүкен ойыншықтарынан жалыққан. Үйде де, сыртта да дайын сатылымдағы ойыншықтар көп. Сондықтан осындай заттар арқылы олардың қызығушылығын оята отырып,

балаларды салауатты өмір салты негіздеріне баулу, айналасындағы адамдармен бірлесіп әрекет ету және байланысқа түсу біліктерін, коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды қалыптастыруды мақсат етеді. Жаңадан қабылданған үлгілік бағдарламалар барысында бүлдіршіндердің бойында шығармашылық қабілеттерін, ойлау мен қиялдың қалыптасуына, эстетикалық тағдылымы мен эмоционалды-сезімдік саласының, өзінің ішкі жан-дүниесін көркемдік формада жеткізе білуін, кез келген ортада еркін бірлесіп әрекет ету, адамгершілік-рухани білім негіздерін дамыту сияқты қасиеттері қалыптасары анық.

– Балабақшамыздың балалары өздері ішкен шырындарының қақпағын кез келген жерге тастай салу дегенді қазір мүлдем ұмытқан. Жұмыстың бас кезінде балаларға берілген сүт, айран, шырын қақпақтары жетпеген соң енді балалар қақпақты үйлерінен таси бастады. Әдетте лақтырып тастайтын қажетсіз қалдықтарды іске жаратып жатқанымызды көрген ата-аналар сырттан сусындардың қақпағын балаларымен бірге жинауға көмектесті. Осылайша бір жыл ішінде 50 мыңнан астам қақпақ жинадық.

Қазіргі таңда тек қақпақтан жасалған бұйымдарымыздың саны 500-ге жуықтады. Осы бастаған жұмысымыздың арқасында балабақшамызда керексіз заттарға «екінші өмір» сыйлау жұмысы бойынша «Qaqpаqtar qalashygy – Kryshkagrad» кабинеті ашылды. «Qaqpаqtar qalashygy – Kryshkagrad» кабинетін керексіз заттардан жасалған түрлі жиһаздармен және балалар денсаулығына қажетті кілемшелермен, дидактикалық ойындармен жабдықтап жатырмыз. Осы жасалып жатқан жиһаздар мен дидактикалық ойындар арқылы балаларымыз ең алдымен ысырапшылдыққа жол бермеуге, денсаулықтарына дұрыс қарауға және еңбекке деген қызығушылықтары артуда.

Мәселен, бақшамызда балалар ұйқыдан тұрған соң қақпақтан жасалған «денсаулық жолағының» үстімен үздіксіз жүріп отыруы үрдіске айналған. Қазіргі таңда «плоскостопие» диагнозы бар балалардың табандары қалыпқа келгені

әрі ысырапқа жол бермеуді үйретіп жатырмыз. Балалар қарапайым ғана заттарды қажетті бұйымға айналыра алатынын көргенде қуанады, өздеріне сенім пайда болады. Мен Оңтүсік Корея, Германия және Ресейге барып, қысқа мерзімді оқу курстардан өту кезінде осындай бұйымдарды пайдалануды үйрендім. Енді тәжірибемізді балабақшамызда қолданып жатырмыз, – деп Айнұр Батырбекқызы сөзін жалғастырды.

Аталмыш балабақшада «Qaqpаqtar qalashygy – Kryshkagrad» бағдарламасынан бөлек, «Асық терапиясын» күнделікті денсаулық сақтау мен қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру үшін қолданады. Сондай-ақ, ертегі кейіпкерлеріне арналған кабинет бар. Кейіпкерлердің киімдерін қажетсіз маталар, ескірген киімдерден тігеді. Мерекелік іс-шараларда ұжым қызметкерлері «театр әртісіне» айналып, қуыршақтарды өздері-ақ сөйлетіп, билетеді.

Қазіргі таңда балабақша ұжымы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсеткендей, өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында «Балалар мен театр» жобасын бастап отыр. «Театр қуыршақтарының» киімдері жарамсыз шұлықтар мен қажет емес маталардан үйлестіріліп, тігілген. Сонымен қатар, балабақшада заман талабына сай, жаңа технологиялар негізінде «Тұзды шахта», «Асықтерапия», «Хореография», «Робототехника», «Релаксация», «Психология», «Эксперимент орталығы», «Бейнелеу өнері» сияқты кабинеттер бар.

Сөз жоқ, бүгінгі таңдағы мектепке дейінгі ұйымдардың да, қызметкерлердің де көтеріп отырған жүгі ауыр, міндеті ауқымды. Өйткені, білімді ұрпақты тәрбиелеу балабақшадан басталады. Сондықтан баланың түсінігін қалыптастыра отырып, таным дүниесін кеңейту, тұлғалық сапасын арттырып, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту сияқты кезеңнен өткен баланы мектепте тәрбие беріп, оқыту да оңайға түсері анық.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



МӘСЕЛЕ

Алматы қалалық Психикалық сауықтыру орталығында «Қарттар мен егде адамдардың психикалық бұзылулар бөлімшесі» биылғы 8 айда 124 науқасқа медициналық көмек көрсетті. Былтыр 9 айда 71 қария емделген және емделушілердің басым бөлігі деменция ауруына шипа іздеп келген. Мамандар деменция, Альцгеймер дертіне шалдығып, медициналық көмекке жүгінбей жүргендердің саны бұл көрсеткіштен әлдеқайда көп болуы мүмкін деп болжайды.

ДАУАСЫ ЖОҚ ДЕМЕНЦИЯ

Бұл қандай дерт?

Бұл ауруды алғаш рет сипаттаған неміс дәрігері Алоис Альцгеймердің атымен аталған. Статистикаға сүйенсек, Альцгеймер ауруы диагнозы қойылғаннан кейін адам шамамен жеті жыл өмір сүреді және тек науқастардың 3%-ының өмірі 14 жылға дейін ұзаруы мүмкін. Еркектерге қарағанда бұл ауруға әйелдер жиі шалдығады. «Alzheimer’s Disease International (ADI)» Альцгеймерге шалдыққан науқастарды күту және қолдаушы еріктілердің халықаралық жетекші ұйымының мәліметіне жүгінсек, жер шарында әр 3 секунд сайын бір адам осы дертке шалдығады екен.

Бұл кеселдердің өршімеуіне қолдау көрсететін Психикалық сауықтыру орталығы бар Алматыда. Бірақ емделуден адамдар жиі қашады екен. Себебі, балалары, туыстары науқасты жынды емес немесе ел-жұрт не ойлайды деп ауруын жасырып, кеселді асқындырып алады. Үйде қамап ұстайды. Науқастың да, оны бағып отырған адамның да бұл денсаулығына әсер етеді. Біздің орталықта емделу тегін. Алжу, ұмытшақтық сияқты аурудың алғашқы белгілері сыр бере бастағанда емнің пайдасы болады. Дәрілер арқылы оның дамуын тежеуге болады. Орталықта 25 төсек бар. Қазіргі таңда бос орын жоқ. Елімізде үш миллионға жуық қария өмір сүреді екен. Олардың 10%-ы осы дертпен алысып жүр. Психологтарға, психиатрларға бару ұят деген көзқарастан арылатын кез келді. Кез келген аурудың алдын алуға әрекет етуіміз керек дейді мамандар.

Кәріліктің де, алжудың да емі жоқ. Деменция 65 жастан асқанда пайда болса, 40 жастан асқан азаматтарда Альцгеймердің алғашқы белгілері байқалады екен. Сондықтан мамандар өмірі жағымды эмоцияларға толы, физикалық жағынан белсенді, кітапты көп оқитын адамдарға ақылдан адастырып, өзгені емес өзін тану мүмкіндігінен айыратын бұл ауру жоламайды деп отыр.

МАМАН КЕҢЕСІ

Рабиға ДОЛАНБАЕВА, Алматы қалалық Психикалық сауықтыру орталығының бөлім меңгерушісі:

ҚАРТТАР ЖАЛҒЫЗ ҚАЛМАСЫН

Егер жақын адамның бойынан, іс-әрекетінен, мінез-құлқынан осы аурудың белгілерін байқасаңыз, невропатолог немесе психиатрдың көмегіне жүгініңіз. Альцгеймер ауруының пайда болу себебі әлі анықталмаған. Дертті емдейтін дәрі жоқ. Дәрі-дәрмектің көмегімен аурудың дамуын тежеуге болады. Өкінішке қарай, туыстары көбінесе қарт адамның мінез-құлқындағы өзгерістерге назар аудармайды. Қарттықтың салдары деп мән бермейді. Ол уақыт өте оғаш қылықтар көрсетіп, науқастың әрекеті өзі мен туысқандарына қауіпті болғанда ғана біздің орталық мамандарының қызметіне жүгінеді.

ТЕМЕКІ ШЕГУДІҢ АЛДЫН АЛУ

Жыл сайын әлемде сегіз миллионнан астам адам темекі індетінен қайтыс болады, олардың ішінде 1,2 миллионнан астамы пассивті темекі шегушілер (темекі шекпейтіндер, бірақ темекі түтінін жұтады). Қыздырылған темекіден жасалған бұйымдар, электронды темекілерді де халық белсенді тұтынады. Егер жастан бастап темекі шегушілер ерекше алаңдаушылық тудырады: ерлер 17,4 жастан бастап, ал әйелдер 18,5 жастан бастап, ал жастар 19-20 жаста күнделікті темекі шегеді екен.

Темекі шегу зиянды, бұл бұрыннан белгілі факт.

Бірақ бұл зиянды тәуелділіктің қандай теріс салдары бар?

Темекі өнімдерін ерте қолдану ағзаға теріс әсер етеді. Шамамен 25 жасқа дейін ми әлі қалыптасу сатысында. Никотин ағзаға енген кезде мидың дамуының осы кезеңінде жүйке жүйесінің жұмысын бұзылады. Даму кезінде жас ми никотинге ересек миға қарағанда көбірек сезімтал, сондықтан жасөспірімдер арасында темекі шегудің басталуын болдырмау өте маңызды, өйткені уақыт өте келе бұл әдеттен бас тарту оларға өте қиын болады және жастардың дамуы мен денсаулығына қауіп төндіреді.

Темекі шегу тыныс алу жолдарын ғана емес, онкологиялық аурулардың дамуына ықпал етеді! Әрбір темекі ауыз қуысының, көмейдің, өңештің, асқазанның, ұйқы безінің, бүйректің, қуықтың, сүт безінің, жатыр мойнының және басқа жерлердің қатерлі ісігінің қаупін арттырады. Жүрек-қан тамыр ауруларының ықтималдығы артады: атеросклероз, артериялардың тарылуы, қолқа аневризмасы дамиды, жүректің коронарлық ауруынан өлім қаупі 4 есе артады. Әрине, тыныс алу жүйесі зардап шегеді, әсіресе жүкті әйелдер мен жасөспірімдердің темекі шегуінде үлкен зиян бар.

Денсаулыққа жалпылама салдары бар. Мысалы, хирургиялық араласудан кейін темекі шегушілерде респираторлық аурулармен және жаралардың нашар жазылуымен байланысты асқынулар жиі дамиды. Сүйектердің сынуы, асқазан мен он екі елі ішектің асқазан жарасының, қатарақтаның даму қаупі артады. Темекі шегу әйелдердің репродуктивті қызметін айтарлықтай төмендетеді.

Темекі шегудің кері салдарының бірі – өмір сүру ұзақтығының төмендеуі. Орташа алғанда, темекі тұтынушылар темекі шекпейтін адамдарға қарағанда 15 жылға аз өмір сүреді.

Темекінің зиянды әсеріне байланысты адамдарда «темекі шегушінің келбеті» пайда болады: сарғыш-сұр, күңгірт құрғақ тері, айқын мұрын-ерін қатпарлары, көз бен еріннің айналасындағы әжімдер торы. Темекідегі улы заттар қартаю процестерін жылдамдатады, қоллаған өндірісін төмендетеді, терінің серпімділігін қамтамасыз ететін қоллаған мен эластиннің бұзылуына ықпал етеді және жалпы терінің құрылымы мен түсін өзгертеді.

Ұзақ темекі шегу кезінде иіс сезу рецепторлары мен дәмдік папиллалардың сезімталдығы нашарлайды, бұл тағамдардың дәмін қабылдауға әсер етеді. Сонымен қатар, айналадағы барлық нәрсе түтінінің иісіне малынған болады: шашы, киімі, автокөлік, пәтердің іші. Бұл, әрине,

БІРЕГЕЙ ОТА

ЖҮКТІ ӘЙЕЛДІҢ ЖҮРЕГІ

қалыпты соғып тұр

Қалалық кардиология орталығында жүктілігі 6 айдан асқан әйелдің жүрегіне бірегей операция жасалды. Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, операция кардиология орталығы ұйымдастырған шеберлік сағаты аясында Ресей Федерациясының үздік аритмологы Сергей Артеменконың қатысуымен өткен.



Пациент орталыққа аритмияның жоғары жиілігімен ауыр жағдайда, шамамен минутына 240 сокқыға жететін жағдайда түскен. Негізгі норма 90 болуы керек. Дәрігерлер жүкті әйелге Вольф-Паркинсон-Уайт синдромы, тахикардия диагнозын қойды.

Жоғары тәуекелге қарамастан, консилиумының шешімімен хирургиялық ота жасау жөнінде шешім қабылданды. Аритмология бөлімінің меңге-

рушісі Бекжан Рысмендиев ресейлік әріптесі Сергей Артеменкомен бірге жүрек ырғағының бұзылуын емдеу үшін екі сағаттық хирургиялық операция – радиожиілікті катетерлік абляция жүргізді.

«Бұл шағын инвазивті әдіс, жергілікті анестезиямен жасалды. Еш кесусіз екі пункция арқылы біз патологиялық ошақты «зергерлік» әдіспен жойдық. Операция сәтті өтті. Әйелдің

және құрсағындағы баланың жағдайы жақсы. Дәл осы орталықта мұндай операция алғаш рет жасалды және бұл соңғы рет емес деп үміттенемін. Мұндағы жабдық заманауи стандарттарға сәйкес келеді, оның көмегімен жүрек ырғағының бұзылуымен байланысты кез келген операцияны, соның ішінде жүкті әйелдерді де жасауға болады», – деп атап өтті Сергей Артеменко.

НАУҚАН

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ

Тұмауға қарсы егу басталды

Қаланың барлық емханасында тұмауға қарсы екпе егу науқаны басталды. Бұл туралы Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы хабарлады. Халықты иммунитет үшін тұмауға қарсы «Гриппол+» вакцинасының 250 мың дозасы сатып алынды.

«Гриппол+» инактивацияланған вакцина Ресейде өндірілген және құрамында тұмау вирусының А (H1N1 және H3N2) және В қосалқы типінің штамдары бар. Егуге бірінші кезекте медицина қызметкерлері, медициналық мекемелерде есепте тұрған балалар, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, жүкті әйелдер мен 60 жастан асқан адамдар жатады. Негізгі ауруға байланысты тұмаудың неғұрлым ауыр түріне бейім адамдар да вакциналануы керек.

Дәрігерлер асқынған тұмаудың аса қауіпті екенін еске салады. Егер кейбір адам тұмаумен ауырғанда, бірнеше күн ғана қиналса, тұмау нәрсетеге, қарт адамға және иммунитеті әлсіреген адамға жұқса, оларда ауру қатты асқынып, тіпті өлімге әкелуі мүмкін.

БАЛА – БОЛАШАҚ

Осыдан бірнеше жыл бұрын шала туған жүздеген сәби өз анасының жүзін де, жарық дүниені де көрмей, зағип болып қалатын. Қайырымдылық қорларына баласын шетелде емдеткісі келетін ата-аналардан өтініш-тілек ең көп түсетін. Өкінішке қарай, мұндай емделу әрдайым сәтті өте бермейтін. Себебі, ең ерте кезеңде, туғаннан кейінгі алғашқы айда ретинопатияны тоқтату үшін қымбат уақыт өтіп кетіп жатады. Ал қазір елімізде шала туған нәрестелердің көз торын диагностикалау да, лазеркоагуляциялау да жаппай жүргізілуде.

ЖАНАРЫҢ СӨНБЕСІН



Бұл туралы мегаполисте еліміздің жетекші неонаталдық офтальмологтары бас қосқан халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда айтылды. Осы жиында отандық мамандар шала туған бөбектер арасында тіркелетін көз ауруының көрсеткіші едәуір төмендегенін мәлімдеді. Мұны сала мамандары дәрігерлердің, қайырымдылық қорларының және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің қоян-қолтық жұмыс істей білгенінің нәтижесі деп отыр.

Қазақстанда жыл сайын 22 000-нан астам нәресте шала туады. Мүлдем соқыр болып қалу қаупі жоғары аймақта 4000 бала бар. Оларда көз торының ауыр дерті – шала туған нәрестелердің ретинопатиясы анықталған. Биылғы қыркүйектегі есеп бойынша, тәуекел аймағындағы шала туған сәбилердің 3100-ден астамы, яғни 78%-ы диагностикадан өтті, олардың ішінде 927-сі жоғары білікті офтальмолог-дәрігерлерден уақытылы медициналық көмек алған.

Шала туған балалардың ретинопатиясын диагностикалау дәрігердің жоғары кәсібилігін және мамандандырылған жабдықтардың, атап айтсақ, офтальмоскоптардың, ретиналды камералардың, офтальмологиялық лазерлердің болуын талап етеді. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Ана мен бала денсаулығын қорғау департаментінің директоры Мағрипа Ембергенованың айтуынша, қайырымдылық қорларының қолдауының арқасында шала туған сәбилердің ретинопатиясы проблемасы сәтті шешілді.

Еліміздің 16 медициналық орталығы офтальмоскоптармен, 5 лазерлік қондырғылармен және 5 ретиналды камерамен қамтамасыз етілген. Офтальмологтардың, қайырымдылық қорларының энергиясы мен білімінің бірігуі, қазақстандықтар мен демеуші компанияларды қолдауы небәрі 1,5 жыл ішінде еліміздің ең кішкентай талай тұрғынын зағиптықтан сақтап қалды.

Бетгі әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ЕСКЕ АЛУ

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ЕДІ...

Гүлнапис Орынбасарқызы кәсіби әлеуметтанушы, қажырлы ғалым, шебер тәлімгер, өнегелі ұстаз еді. Мұндай анықтауыштың әлі де біршамасын ол кісінің тұлғасына қатысты айта беруге болады. Себебі, өзінің қарапайым азаматтық тұлғасымен, байсалды әрі бірқалыпты мінезімен, терең білімі мен білігімен солай атауға лайық болатын. Гүлнапис Орынбасарқызының өмірден озғанына қырық күн болып қалыпты. Күні кеше ғана ортамызда жүргендей еді. Ол кісінің ерен еңбегін айтып, тауыса алмаспыз... Қамшының сабындай өмірінде адамзат баласына, ғылым саласына сыйлаған игілікті істері жетерлік. Қазақстандық әлеуметтану ғылымының дамуына, өзіндік ғылыми мектептердің қалыптасуына, ғалым-шәкірттерге тәлімгерлік етіп, олардың кәсіби жетілуіне қосқан үлесін ерекше атап кетуге болады.



Гүлнапис Орынбасарқызы 1966 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. 1985–1990 жылдары М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде философия мамандығын бітірген. XX ғасырдың 90-жылдарындағы елеулі де маңызды әлеуметтік өзгерістерді бастан өткерген қиын кезеңдерде оқу-ағартушылық қызметін бастап, 1993–1996 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аспирантурасында оқыған. 1997 жылы «Тұлғаның саяси әлеуметтенуі мәселесін әлеуметтанулық талдау» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаса, 2008 жылы «Қазақстандық қоғамның модернизациясы үрдісіндегі тұлғаның әлеуметтенуінің үлгілері» тақырыбында докторлық диссертациясын табысты қорғап, әлеуметтану ғылымының докторы ғылыми атағына ие болған.

Гүлнапис Орынбасарқызының әлеуметтанудың өзекті мәселелеріне қатысты 40-тан аса оқу құралдары мен монографиялары, 80-ге жуық ғылыми және әдістемелік мақалалары жарыққа шыққан. Профессор өз еңбектерінде тұлғаның әлеуметтанулық тұрғыдан зерттеген әлеуметтану ғылымының классиктері мен қазіргі ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, тұлға әлеуметтануының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Өз зерттеулерінде ғалым тұлғаның қалыптасуы – бұл жеке тұлға мен қоғамның арасындағы күрделі өзара әрекеттесуі, ол тұлғаның дамуы және қалыптасуына әлеуметтік ортаның, қоғамдық институттардың және әлеуметтік-мәдени факторлардың әсерімен анықталады деп қарастырған. Әлеуметтік-мәдени жағдайлар, әлеуметтік рөлдер, құрылымдар, нормалар, құндылықтар мен институттар тұлғаның өзіндік санасына, өзіндік ерекшелігіне және мінез-құлқына әсер ететінін атап өткен.

Жеке тұлғаның бірегейлігін қалыптастыруды зерттеуде құрылымдық-функционалдық, әлеуметтік-мәдени амалды, сауалнама, сұхбат, бақылау әдістерін және мәліметтерді талдауды қолдана отырып, қоғамның күрделі құрылым ретінде сипаттап, әртүрлі факторлардың өзара әрекеттесуін және олардың индивидтің жеке бірегейлігін қалыптастырудағы рөлін түсіндіріп өткен. Ғалым Гүлнапис Орынбасарқызы осы саладағы көптеген зерттеулерінің нәтижелері жеке бірегейлікті анықтаудағы әлеуметтік процестер мен құрылымдардың әсерін, сондай-ақ индивидтердің жеке

бірегейлігі негізінде социуммен әрекеттесу процесін түсінуге көмектеседі. Бұл еңбектері қазіргі Қазақстандағы адамдардың әртүрлі топтарының өзара әрекеттесуін және қолдауын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен интервенцияларды әзірлеу үшін пайдалы болды.

Гүлнапис Орынбасарқызы қазақ тілінің мәртебесін жоғарылату, қазақ тілінде әлеуметтану мамандығы бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын жазу бағытында да ерекше сүбелі үлес қосты. «Тұлға саяси әлеуметтенуі», «Әлеуметтану», «Социология негіздері», «Әлеуметтік антропология», «Әлеуметтік процестерді модельдеу», т.б. қазақ тіліндегі еңбектері мен ғылыми мақалалары білім беру процесінде кең қолданысқа ие болды.

Ғалым университеттегі білім беру жүйесіне бірқатар оқу-әдістемелік қамтамасыз ету бағытында ауқымды іс-шараларға белсенді қатысты. Әлеуметтану пәнінің негізгі курстары бойынша типтік бағдарламалар, оқу жоспарларын жасап, ғылыми, әдістемелік оқу құралдарын басып шығарып, қазіргі оқу процесін жаңартуға белсенді еңбек етті. Өз еңбек жолында кәсіби әлеуметтанушыларды даярлап, әлеуметтанулық ғылыми мектепті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлді. Студенттер мен магистранттардың ғылыми жұмыстарына белсенді жетекшілік етіп, докторантурада оқыған шәкірттерінің философия докторы (PhD) ғылыми атағын иеленуіне өз үлесін қосты.

Соның бірі мені де докторлық диссертациямды жазу барысында өзінің тәжірибесі мен кәсібилігін ту етіп, ғылыми ізденіске жан-жақты бағыт берді, туындаған қандай да бір жағдайларда аса бір сезімталдықпен, шеберлікпен жылдам да тапқыр, әрі дәл шешімдер қабылдай білетін. Ол кісінің ғылыми шығармашылық қызығушылықты, ғылыми жаңашылдықты, ой толғанысын оята алатын, ғылыми ізденіске жігер беретін ерекше тәлімгерлік қасиетін айтпасақ болмас. Гүлнапис Орынбасарқызының осы қасиеттері мен кәсіби-ғылыми біліктілігіне негізделген жетекшілігінің арқасында 2017 жылы докторлық диссертациямды сәтті қорғадым. Әрдайым өзінің ойларымен, тәжірибесімен бөлісіп, бірқатар ғылыми жобаларды жүзеге асыруда да жетекшілік етті.

Гүлнапис Орынбасарқызы білім беру және ұстаздықпен бірге әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «8D11401-Әлеуметтік жұмыс» Білім беру бағдарламасының координаторы, «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-гі Республикалық оқу-әдістемелік Кеңестің мүшесі қызметтерін ұштастыра білді.

Ғалымның жасаған қажырлы еңбектерінің арқасында, кәсіби және қоғамдық қызметі жоғары марапаттарға ие болды. Олардың ішінде «ҚР білімінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, білім саласындағы сіңірген еңбегінің жемісі ретінде 2011 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауының жеңімпазы болса, 2022 жылы «Үздік ғылыми қызметкер» марапатына ие болды.

«Тау алыстаған сайын биіктей беріп, тұлғалана түседі» демекші, ғалымның ғылымға, қазақстандық әлеуметтану саласына сіңірген еңбегі тарихта қалары және бағаланары сөзсіз. Гүлнапис Орынбасарқызы өмірден өткенімен, ол кісінің жарқын бейнесі, кісілік болмысы, адамгершілігі мен ақкөңіл пейілі талай жандардың есінде, көңілінде қалғаны анық. Алдыңыз пейіш, артыңыз кеніш, жатқан жайыңыз жәннаттың төрі болсын! Жарқын бейнеңіз сізді білетін әр жүректе мәңгі сақталады!

Еске алушы:
Әсем ОМАРОВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті,
әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс
кафедрасының оқытушысы.

«АҚШАМ» – 35

Мен бұл басылым өз алдына дербес газет болып, жұртқа «Алматы ақшамы» деген арайлы атымен енді танылып жатқан 1992 жылдың желтоқсан айында келдім. Жылдың соңы болғандықтан, жұмыс тым қарбалас көрінді. Университет бітірген соң Қарағанды облысының Теңіз аудандық газетінде, одан «Лениншіл жас» газетінде жұмыс істеп келсем де, алғашында күндіз дайындалып, кешке қарай ақшам мезгілі туған кезде оқырмандардың қолына тиетін, аптасына алты рет шығатын газетте жұмыс істей алам ба, жоқ па деген қорқыныш жүрегімді жаулап алды. Бірақ газеттің сол кездегі бас редакторы Ерғали Сағат басқарған қарлығаштың ұясындай ғана ұжымның жылы қабағы менің газеттің тіршілігіне тез бейімделуіме мүмкіндік берді.

АҚ МЕШІТІМ...

Редакция ол уақытта ел рағаларының қолдауымен қол жеткізген қаланың қақ ортасында орналасқан жаңа ғимарат – Пушкин көшесі мен Гоголь көшесінің қиылысында болатын. Кейін Абылай хан даңғылына, одан қазіргі мекенжайы Шевченко көшесіне қоныс аударды ғой. Оқырмандардан босағамыз босамайтын еді. Әр хатқа сондай жауапкершілікпен қарайтынбыз. Түскен хат бойынша аудандық әкімдіктерге хат жолдасақ, жауабы да көп күттірмейтін, тиісті шешім қабылданып, өтініші орындалып, мұң-мұқтажы ескерілген хат иесінің де, сол хатты тиісті жеріне жеткізе білген редакцияның да мерейі үстем болатын.


Тракторист болып жұмыс істеп, курстасым Бауыржан айтқандай, жиырма төртінші кілт бұрауға дағдыланып қалған мен аздап қағазға ұқыпсыздау болғанмен, тәртіпке бекем болдым. Айтқанды екі етпейтінмін. Жолданған хатыма жауап келгенше тыным таппайтын едім. Соның арқасында талай адамның алғысын алдық. Оқырмандардың қолдауымен Алматының талай көшесінің қазақы атауға ие болуына, қазақ мектептері мен балабақшаларының ашылуына, мүмкіндігі шектеулі жандардың, қараусыз қалған қарттардың мұң-мұқтажын тиісті орындарға жеткізіп, тиісті шешім қабылдауына дәнекер бола білдік.

Қала тұрғындарына «Ақшам» арқылы танылдым. Өмірдегі бар жақсылықтарыма осы «Ақшамның» босағасында жүріп қол жеткіздім. Зейнетке де осы өзім сүйетін, босағасын баққа балайтын газетімнің шаңырағынан шықтым. Сол себепті, мен «Алматы ақшамы» газетінің босағасын ақ мешітке балаймын. Тіпті, жастарға да «Ақшамның» босағасын шын ниеттерімен аттаған болсаңдар, бақ пен бақытқа бөленесіңдер» дегенді жиі ескертіп қоятыным бар. Газеттің жерде жатқанын көрсем, жаным ауыратын.

Қала басшылығы «Ақшамның» журналистеріне үлкен қамқорлықпен қарайтын. Журналистер арасында мемлекеттен тегін баспанаға ие болған, қағаз блокноттарын тастап, тұңғыш диктофон ұстаған біздің «Ақшамның» журналистері болатын. Басқа басылымдарда қызмет істейтін әріптестеріміз «Ақшамда» істегендердің бағы бар» деп қызыға да, қызғана қарайтын. Шынымен де, бағымыз бар журналистерміз, маған да баспаналы болу бақыты осы Ақшамның босағасынан бұйырды. Ел алдындағы абыройымды арттырған осы өзім ақ мешітіме балайтын «Алматы ақшамы» газетім. Арадағы бір жылғы үзілісті есепке алмағанда, «Ақшамда» істеген жиырма жеті жылға жуық уақыт ішінде қаланы жеті әкім басқарыпты. Әрқайсының қалаға да, қаланың бас басылымы «Алматы ақшамы» газетіне де көзқарасы әртүрлі болды дегенмен, «Ақшамның» ең ажарланып, түрлі-түсті реңге боялып, қазақы мінезге ие болып, қала жұртының жүрегіне иман ұялатқан кезеңі қалаға ұлтжанды азамат Иманғали Тасмағамбетов пен газетке қара сөздің шебері, іскер ұйымдастырушы Қали Сәрсенбай келген тұстан басталғанын айта кетуіміз керек.

Мың жаса, рухани шамшырағың мәңгілік болсын, Ақмешітім – «Алматы ақшамы»!

Нұржамал БАЙСАҚАЛ,
Қазақстанның Құрметті
журналисі,
Алматы облысы, Панфилов
ауданының Құрметті азаматы.





МАМАН ПІКІРІ

ТЕМЕКІ мен АРАҚ

бас және мойын обырына шалдықтыруы мүмкін

Елімізде жыл сайын 1700 адам бас және мойын обырымен ауырады. Бұл туралы Алматы Онкология орталығының онколог-дәрігері Самал Тойынбекова айтты. Дәрігердің сөзінше, темекі мен алкоголь – бас және мойын қатерлі ісігінің даму қаупін арттыратын негізгі факторлар. Оны бірге пайдалану қатерді тіпті күшейтеді.

«Бас және мойын ісігі – бас пен мойынның әртүрлі бөлігінде, мәселен, ауыз қуысында, көмейде, мұрын жолдарында, сілекей безінде, қалқанша безінде пайда болатын қатерлі ісік. Жыл сайын Қазақстанда бас және мойын қатерлі ісігінің 1700-ге жуық жаңа жағдайы, қалқанша безі қатерлі ісігімен 700-ге жуық пациент тіркеледі. Аталған қатерлі обырдың даму қаупін арттыратын басқа да факторлар бар. Күн сәулесінің астында ұзақ жүру – осы факторлардың бірі. Сондай-ақ, ерін ісігі, бас және мойын терісінің обыры, адам папилломавирусы, мұрын-жұтқыншақ ісігінің дамуында маңызды рөл атқаратын Эпштейн-Барр вирусы (EBV), экологиялық немесе кәсіби ингалянттар бар. Тағы бір фактор бар, ол – жақындарыңызда бас және мойын қатерлі ісігінің болуы», – дейді дәрігер.

Статистика бойынша бас және мойын қатерлі ісігіне ер адамдар 2-3 есе жиі шалдығады. Сондай-ақ, бұл ауруға 45 жастан асқан адамдар көбірек бейім болады.

Бас және мойын қатерлі ісігінің белгілері – ауыздағы немесе бас пен мойын терісіндегі ұзақ уақыт емделмей жүрген ауырсыну, ісіну, жара, бітелген мұрын, жұтыну немесе тыныс алудың қиындауы, дауыстың, сөйлеудің өзгеруі, тұрақты күйзеліс. Ондай диагноз қою үшін биопсия, компьютерлік томография және магнитті-резонансты томография сияқты түрлі әдіс қолданылады. Бас және мойын обырын емдеу ісікті хирургиялық алып тастау, сәуле терапиясы, химиотерапия немесе осы әдістердің комбинациясын қамтуы мүмкін дейді сала мамандары. Сондай-ақ, үнемі медициналық тексеруден өтіп, аурудың қандай да бір белгілері пайда болған жағдайда дәрігерге қаралудың маңызы да жоғары.

Нұр ЖАМАЛ.

2023 жылғы 27 қыркүйек №3/370-539

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 21 маусымдағы №2/220-352 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 21 маусымдағы №2/220-352 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының 1 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жолды ұйымдастыру үшін Айнакуль Омарбековна Тубекбаеваның, Аманбай Саянулы Тебекбаевтің Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Шұғыла» шағынауданы, 3872 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-322-009-035) жалпы ауданы 0,0735 га жер учаскесінің ауданы 0,0151 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ.

«Open Kazakhstan Education» ЖШС, БСН 090940006532, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Манас көшесі, 57 А үй, 1-п.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, **онлайн** ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Astana Business School» мекемесі, БИН 000940003938, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Ғ.Мұстафин көшесі, 21-үй, 117-п.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА
Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Саымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
almatyaparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ФЕСТИВАЛЬ

«ДӘСТҮРЛІ ӘУЕН»

Алматылықтардың сүйікті демалыс орындарының бірі – Орталық мәдениет және демалыс саябағында Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы Қоғамдық даму орталығының ұйымдастыруымен ашық аспан астында «Дәстүрлі әуен» музыка фестивалі өтті.

Фестиваль мәдени мұраға айналған қазақ әуендерін танымал етуге, елге деген сүйіспеншілік, мақтаныш және құрмет сезімін тәрбиелеуге ықпал ету мақсатында ұйымдастырылды.

Жоба ұйымдастырушыларының айтуынша, бұл бастаманы іске асыру – өскелең ұрпаққа қазақ жерінің бай мәдени игілігімен жақынырақ байланыста болуға, орындаушылар мен фольклорлық ұжымдардың халық әндері мен әуендерін орындау арқылы қазақ халық аспаптарының (домбыра, қобыз, шертер, жетіген) дыбысталуынан ләззат алуға мүмкіндік береді.

Фестивальге Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік ұлт аспаптары оркестрі, іріктеуден өткен балалар өнер ансамбльдері және жеке орындаушылар қатысып, 3 бөлімде

өнер көрсетті. Алдымен балалар музыкалық ансамбльдері сахнаға шықты, одан соң жасөспірімдер ансамбльдері мен жеке орындаушылар өз өнерлерін паш етті. Фестиваль қорытындысында аға буын өнерпаздары, Халықаралық конкурстардың лауреаттары, Қазақстан Республикасының мәдениет және өнер қайраткерлері, шығармашылық ансамбльдер мен фольклорлық ұжымдар келген көпшілікті өнерімен сүйсіндірді. Жалпы, фестиваль барысында ұлттық аспаптарымыздың қоңыр үні естіліп, ұрпақтар сабақтастығымен жалғасып келе жатқан дара тұлғалар Құрманғазы, Түркеш, Нұрғисаның күйлері, Мұхит, Кенен, Молдабайдың әндері орындалып, тыңдарман қауымның жүрегіне ерекше көңіл күй сыйлайтын дәстүрлі әуендер шырқалды.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

БАПКЕРДІҢ МЕДАЛІ

Әлеуметтік желіде жылап тұрған балақайдың мойнына өзінің алтын медалін таққан бапкердің видеосы тез таралып, елдің ыстық ықыласына бөленіп жатыр. Видеодан пойызда келе жатқан балаларды көруге болады. Олар үйіне жеңіспен қайтып келе жатқан жүздегерлер болатын.

Видеода араларындағы ең кішкентайы Артур жарыста жеңіп алған медалін жоғалтып алып, жылап тұр. Бәрі жабыла іздегенімен, таппаған.

Бапкері баланы қасынан шақырып алып,



«Жылама! Сенің мен сияқты бапкерің тұрғанда, жылап керегі жоқ!», – деп, оның мойнына өзінің алтын медалін тақты. Әлеуметтік желі қолданушылары бұл көрініске риза болып, жақсы лебіздерін аямай төгіп жатыр. Отандастар Досханды «үлкен жүректі азамат» деп бағалап та үлгерді.

Мейірімді бапкердің «Ақтөбе» әуесқой футбол академиясының директоры және бас бапкері Досхан Қарасаев екені белгілі болды. Ол 5–13 жас аралығындағы балаларды жаттықтырады екен. Кейін белгілі болғанындай, олар Қызылордада өткен Kairat Cup жарысынан жүлделі болып келе жатады. Оның спорт сүйер өрендерінің ішінде төрт тобы да бірінші орынды иеленген. Қанжығасы майлы балалар жол бойы қуаныштан мәз болып, ойнап-күліп келе жатқан.

Бірақ пойыздан түсер сәтте әлі де жылап тұрған кішкентай Артурды көрген бапкері шыдамай кетеді. «Оның бізге келгеніне бес ай ғана болған. Бұл – оның алғашқы жеңісі еді. Мен анасының оны медальсіз қарсы алғанын және ұлының қатарластарының алдында еңсесі түсіп тұрғанын көргенім қаламадым. Мен оған осы жарыста ең үздік бапкер ретінде алған медалімді таққанымда, балдыранның жанарындағы риясыз қуанышты көріп, өзім де толқып кеттім», – дейді бас бапкер.

Бапкердің бұл әрекеті олардың тек бапкер болып қана қоймай, шәкірттеріне дос, аға, әке бола білу керектігін көрсеткендей. Ал Артурдың бұл сәтті есіне өмір бойына сақтайтыны анық.

КОНЦЕРТ

ХАЛЫҚ ӘНДЕРІ ШЫРҚАЛДЫ

Алматының Абай алаңында Қала күнін мерекелеу аясында Нұрғиса Тілендиев атындағы «Отырар сазы» академиялық фольклорлық-этнографиялық оркестрінің және «iFly» этно-электрондық тобының қатысуымен концерт өтті.

Концерт аясында сахнада «Бір бала», «Құсни Қорлан», «Құстар әні» сынды танымал халық ән-музыкасы, сондай-ақ «Жас ұландар әні» және «Қуә бол» әндерінің өңделген жаңа электронды нұсқасы

орындалды. Кеш қонағы ретінде оркестрдің қатысушысы, сондай-ақ музыкант және қазақстандық скрипкашы – Жәмила Серкебаева өнер көрсетті.

– Концерттік іс-шара аты әйгілі Нұрғиса Тілендиев атындағы академиялық фольклорлық-этнографиялық «Отырар сазы» мен заманауи «iFly» тобының өнер көрсетуімен өтті. Осы үлкен оркестр мен этно-электрондық топтың қала тұрғындары мен қонақтарына арналған ерекше бағдарламасы ұсынылды. Бұл бірінші жыл ұйымдастырылып отырған жоқ, бастауы 2017 жылы басталды. Елордамыз Астанада өткен ЭКСПО-да көрерменнің ықыласына бөленгеннен кейін жыл сайын өткізіліп келеді, – деді Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының бас көркемдік жетекшісі Данияр Байжұманов.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.

Айсұлу Сүлейменова осыдан он екі жыл бұрын, 20 жасында ауыр жол апатына ұшырап, екі аяғынан бірдей айырылған болатын. Ауылға қарай үлкен жолда жүйткіп келе жатқанда, жүргізуші рөлге не бола алмай қалып, электр бағанына соғылған. Күн жаңбырлы болатын. Ал Айсұлу «жедел жәрдем» шақырмаққа көліктен әрең шыққан сәтінде, ток соғады.

РУХЫ МЫҚТЫ ҚЫЗ



Осы бір мұңды оқиғасымен ол YouTube-каналдағы «Сұрауы бар» бағдарламасында бөліскен болатын. Бірақ тағдырына мойымаған рухты қыз төрт қабырғаға қамалып отырып қалған жоқ, жоғары білім алды, бала сүйді. Өмірді де қатты сүйеді. Ол өзінің Instagram парақшасында күнделікті өмірінің сәттерінен үзінділер жариялап тұрады. Оның бұл қадамы талай жанға үлгі болары сөзсіз. Ал өз кезегінде әлеуметтік желі қолданушылары оның табандылығына таңқалудан жалықпайды, әркез пікірлерін білдіріп отырады. Ол өзінің морт сынып кетпей, осындай жоғары дәрежеге жеткенін туыстарының қолдауының арқасы екенін айтып жүреді. Және де оны алға жетелейтін алапат күш иесі – сүйікті ұлы.

«Менің 9 жасар ұлым бар. IT-маманымын. Ал бос уақытымда спортпен айналысамын. Менің қос протезбен жүгіріп бара жатқан танымал видеомды бапкерім түсірген болатын. Сол видео көпшіліктің ықыласына бөленді. Қазір көп адамның өмірге, үкіметке

өкпе-ренішін білдіріп жататыны жасырын емес. Бірақ бір нәрсені өзгерту үшін әуелі өзімізден бастауымыз керек деп ойлаймын», – дейді Айсұлу. Ол жүгіруден бөлек, волейболмен де айналысады. Көлік жүргізеді. Бассейнде жүзеді.

«Менің арманым асқақ. Ұлымды аяқтандыруым керек. Оның өмірде ештеңеден тарықпағанын қалаймын. Қиын сәттерде жанымға жалау бола білген жақындарыма көмектескім келеді. Тағы бір үлкен арманым – ірі турнирдің медалін тағып, чемпион атану. Жуырда жеңіл атлетикадан Халықаралық жарыс өтеді, соған тынбай дайындалып жатырмын», – дейді еліміздің Паралимпиада құрамасының спортшысы Айсұлу Сүлейменова.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.